




Қарағанды облыстық Н.В.Гоголь
атындағы ғылыми - әмбебап кітапханасы



Өлкетану бөлімі

Өлкенің жер-су аттары

Библиографиялық әдебиеттер көрсеткіші



Қарағанды, 2001

Оқырманға

«Өлкенің жер-су аттары» атты библиографиялық көрсеткіште Қарағанды облысының Абай, Ақтоғай, Бұқар жырау, Жаңаарқа, Қарқаралы, Нұра, Осакаров, Ұлытау, Шет аудандарының, қалалардың топонимдері (жер-су аттары) туралы мәліметтер енгізілген.

Материалдарды жинақтауда Н.В.Гоголь атындағы кітапхананың каталогы, өлкетану картотекасы, электрондық өлкетану каталогы Е.Қойшыбаевтың «Қазақстанның жер-су аттары сөздігі» (Алматы: Мектеп, 1985.-256 б.), «Қазақтар» (Алматы: Қазақстан даму институты: VIII том. Атажұрт, 1998.-480 б.) және тағы да басқа кітаптары пайдаланылды.

Кейбір топонимдерді (жер-су аттарын) түсіндіру мақсатында халық арасында әңгімеленіп жүретін аңыз-әңгімелер келтірілген.

Көрсеткіштің мақсаты – оқырмандарды өлкенің топонимдерімен (жер-су атауларымен) және олар туралы әдебиеттерімен таныстыру.

Жоғарыда аталынған аудандар топонимдері (жер-су атаулары) алфавиттік ретпен орналасқан.

Көрсеткіш мұғалімдерге, студенттерге, өлкетанушыларға және өлкенің жер-су атауларын білгісі келетін оқырмандарға арналған.

Әрине, көрсеткіштегі географиялық атаулардың тізімі толық болуы мүмкін емес, сондықтан да бұл көрсеткіш өзінің толықтырулар мен өзгерістерін күтеді, ал бұны әрбір өлкенің тарихына қызығушылық білдіретін тұрғыны істей алады.

Өлкенің жер-су аттары

Топонимика – географиялық атауларды зерттейтін ономастиканың бір бөлімі. Топономика гректің *toros* – орын + *опума* – есім, ат деген сөздерінен алынған. Ол өзен, су, құдық, бұлақ, көл, теңіз аттарын (гидронимдерді); тау, сай-сала, қырат, жоталар, асулар, орман-тоғай, жайлау аттарын (оронимдерді); елді мекендердің аттарын (ойконимдерді) жан-жақты зерттейді. Әрбір атаудың өз тарихы, дүниеге келу себебі бар.

«Дүниеде әрбір бөлек жердің аты,

Себеппен қойған бәрі елдің аты», – деп белгілі ақын С.Сейфуллин нақ туып айтса, атақты М.Әуезов: «Біздің қазақ жер аты, тау атын әманда сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген жұрт. Қайда, қандай бір өлкеге барсаң да, жер, су, жапан дүзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады», – деп орынды нақты суреттеген.

Демек, топоним атаулы тарихи, географиялық және лингвистикалық мәннен хабар беріп тұрады деген сөз. Мұның өзі белгілі бір өңірдің топониміне қарап сол өңірде мекен еткен ұрпақтың тарихы туралы, тіршілік көзі жайында, ой-өресі хақында, тіптен сезім сұлулығына дейін тамаша хабардар болып, белгілі бір қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Қарағанды облысының топонимдері де республикамыздың басқа өңірінің топонимдері сияқты белгілі бір мерзім, кезеңнің ғана емес, сан мыңдаған жылдардың, тұтас бір дәуірдің жемісі. Сондықтан да олар қоғам өмірі, халық тіршілігімен тығыз байланысты. Олардың құрамында да әр дәуірді, әрбір кезеңдерде Қазақстанды, Қарағанды облысыны мекендеген әралуан елдің тілі мен сөзінен қойылған географиялық атаулар саны көптеп кездеседі. Облыс топонимдерінің бір тобы көне заман, ескі тарихымызбен тығыз байланысты боп келсе, екінші бір басым тобы Кеңес өкіметі тұсында пайда болған, социалистік дәуірдегі және одан кейінгі өзгерістердің айқын куәсі болып табылады.

Қарағанды облысы республикамыздың орталық аймағында орналасқан. Қазіргі уақытта облыс 428 мың шаршы километр жерді алып жатыр, бұл республикамыздағы ең үлкен аймақ. Әкімшілік-территориялық құрылым өзгертілгеннен кейін бұл территорияда 9 ауыл шаруашылық аудан мен 11 қала, 39 жұмысшы поселкесі мен 171 селолық округ бар.

Облыстағы әрбір топоним белгілі бір мағынаға, алуан түрлі құбылысқа ие, семантикасы жағынан жеке объектілерді атайтын жалқы есімдердің ерекше тобына тән. Әрбір географиялық атау тарихи, әрі, оның мағыналық өрісі де кең. Олар замана құбылысына, өзгерісіне қарай әр түрлі мағлұматқа: түрлі соғыстар, халықтық әдет-ғұрып, салт-сана, халықтардың қарым-қатынасына және т.б. тарихи оқиғаларға бай.

Топонимдер құрамына енетін апеллятивтер объектінің табиғи ерекшеліктерін айқын көрсетеді (жер бедері, өсімдіктер, топырақ т.б.) сонымен қатар этноним мен антропонимдерден жасалған топонимдердің де құрамы мол. Бұл топтағы атаулар осы өңірдің этногенезінен толық хабар береді. Олардың кейбіреулері ұзақ уақыт қолданылу нәтижесінде көнеленіп, географиялық атау ретінде қойылу себептері ескіріп, ұмыт болған.

Облыс топонимдерінің стратиграфиясы олардың құрамында бірнеше тілдік қабаттардың барын көрсетеді. Аталған өңір топонимдерінің шығу, пайда болу, қойылуында жергілікті халықтың тарихы мен оның ғасырлар бойғы тірлік-тынысы, әдет-ғұрып, салт-санасы ана тілімен тығыз бірлікте дамыған. Ондай атаулар көптеген ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, тарихи жалғасын тауып келеді. Мұның бәрі түрлі тілдік қабаттан тұратын, шығуы, пайда болуы жағынан әртүрлі дәуірлерге тән топонимдерді бойында берік сақтап отырған. Олардың ішінде басты, негізгі топонимдер – ана тіліміздің негізінде жасалған атаулар. Дегенмен көршілес, кейбір шалғай жатқан елдермен арадағы тарихи-әлеуметтік, діни қатынастар барысында пайда болған басқа тілдік топонимдер тобы да жоқ емес.

Қарағанды өңірі топонимдерін жалпы құрамы жағынан А.Әбдірахманов классификациясына сүйене отырып А.Жартыбаев өзінің «Қарағанды өңірі топонимдерінің мағыналық және құрылымдық сипаттары» атты еңбегінде: 1. Түркі тілдік топонимдік

қабаттар. 2. Басқа тілдерден енген тілдік қабаттар деп бөлген. Түркі тілдік қабатты: 1. Көне түркі тілдік қабаттастық; 2. Қазақ тіліне тән қабаттастық деп екі салаға жіктеген. Ал, басқа тілдерден енген қабаттарды: 1. Араб-иран; 2. Монғол (қалмақ); 3. Орыс тіліне тән қабаттастық деп бөлген.

Көне түркі тіліне тән қабаттастықтар тобына Қарқаралы, Доғалаң, Тарықтас, Айрық, Босаға, Өлеңті т.б. атауларды жатқызуға болады. Бұл топтағы атаулар құрамындағы түбірлердің түркі-монғол тіл бірлестігі дәуіріне тән екендігін байқауға болады. Дегенмен бұл қабаттағы атаулар қазақ тіліне тән қабаттағы топонимдерге қарағанда тым аз.

Облыс өңіріндегі атаулар құрамында араб, иран тілінен енген топтардың басым көпшілігі анротопонимдер. Мыс.: Арун, Аппаз, Жұман, Мұса, Разақ, т.б. Иран, Анар, Мырза, Нияз, Жақан, т.б. Иран тілінен енген топонимдер араб тілінен ауысқан сөздерге қарағанда көнелеу.

Өйткені түркі тілдеріне иранизмнің ертерек енгені тарихтан белгілі. Және де иран тіліне тән кейбір географиялық терминдер де облыс топонимдерді құрамында кездеседі. Мыс.: Дара, Дарабұлақ, Кент, Қызылкент.

Монғол тіліне қатысты атауларды 1. Түркі-монғол тіл бірлестігі (алтай дәуірі) заманындағы, 2. XII ғасырдағы монғол шапқыншылығынан кейінгі енген, яғни, монғол тіліндегі атаулар деп бөле қарастыруымызға екі ел арасындағы тіл тұтастығы мен тарихи әлеуметтік жағдайлар негіз болды. Алғашқы бөліктегі атауларға тіл бірлестігі, мағыналық сәйкестік негіз болса, кейінгі топқа монғол қолбасшылары есімдерімен қойылған топонимдер жатады. Мыс.: Жошы, Шонай, Дабы. Мақан т.б. Ал, Долағай, Шиш, Шаған, Баятар т.б. секілді атаулардың тілімізге монғол тілінен түрлі фонетикалық өзгерістерге ұшырау барысында ауысқанын байқауға болады.

Қазақ халқының Ресеймен XVI ғасырдың басында басталған экономикалық, саудасаттық, саяси байланыстары, екі елдің лексикасында да өз ізін қалдырды. Сол кездерден басталып, күні бүгінге дейін тілімізге енген орыс сөздері облыс топонимдері құрамынан да мол көрініс береді. Э.М.Мурзаев славян топонимдерінің Орта Азия мен Қазақстан топонимиясының құрамына ену жолдарын төмендегіше көрсетеді:

а) Отаршылық саясатпен әкімшілік түрде қойылған атаулар /облыста Карбышевка – алғашқы станица атаманы: Спасск, Севан, Стан т.б. /

б) Ресей және Украина жерлерінен шаруалардың көшіп келуіне байланысты атаулар. Мысалы: Киевка – 1898 ж. Самарка – 1904; Озерное – 1909; Ивановка – 1900; Покорное – 1907 және т.б. Облыс жеріне осылайша ене бастаған орыс /славян/ топонимдері Ұлы Октябрь революциясынан кейінгі саяси-әлеуметтік, тарихи жағдайларға байланысты жедел қарқынмен дами түскен. Дегенмен аталған өңірдегі орыс топонимдері қара қоңыр топырақты. Егін шаруашылығына ыңғайлы аудандарда мол ұшырасқанымен, таза мал /аздап егін/ шаруашылығымен айналысатын бұрынғы Теңіз, Егіндібұлақ, қазіргі Қарқаралы аудандарында мүлде кездеспейді деуге болады.

Қазіргі Қарағанды облысы жер-су аттарының жүйесі республикамыздың басқа өңіріндегі жер-су аттарының жүйесі сияқты ғасырлар бойы қалыптасқан.

Нұра орталық кітапханасы ауданының топонимдері туралы қызықты материал жинақтаған. Өз ауданының географиялық атауларын іздеп табуға әрбір өлкетанушы-кітапханашының қолынан келеді. Біздің кейінгі ұрпақтың мақтанышы болу үшін өлке топонимдерін жинап сақтап қалу өте қажет.

Өлке топонимдерін жаппай жинап, ғылыми тұрғыдан зерттеудің маңыздылығы мектеп оқушылары мен қалың көпшіліктің туған жер туралы білім дәрежесін арттыруға да қажет. Жер-су атауларын жинау, олардың шығу, пайда болу себебін анықтау, әрбір атаудың мән-мағынасын ашу, әсіресе, жастардың туған өлкеге деген ыстық ынта, патриоттық сезімін күшейтпек.

Қарағанды және облысқа бағанысты қалалар

Абралы – Сарыарқаның шығыс бөлігінде, негізінен Қарағанды және Семей облыстарының жерінде. Орталық Қазақстандағы кіші-гірім таудың аты. Ұқсастыру бойынша қойылған атау. *Арба* сөзінің (жүк артқан) мағынасын береді. *Арба* сөзінің метатезалық әріп алмасуынан *абра* формасын қабылдауы түркі тілдерінде заңды құбылыс. Хакас тілінің қызыл диалектісінде сақталған. Абралы тұлғасы бара-бара «болыс», аудан, адам аттарына айналған.

Аққұдық – Тихоновка поселкесінің қазақша аты. Атау «құдықтың суға толып тұрғанын» білдіреді

Аққұм – Балқаш көліндегі түбектің, елді мекен аты. «Ақ» сөзі құмның түсініккөрсетпейді, сипатын көрсетеді. Этим.: «сусымалы, ақпа құм».

Ақжал – Қарағанды облысындағы жал, жұмысшы кент аттары. Ақжал – «бозарыңқы, ағарып көрінетін жал» немесе отты жал мәндес атаулар.

Ақтақ – Жезқазған өңіріндегі таулы жер аты. *Көне түр. ағ* және *тағ* компоненттерінен құралған атау, яғни «ақтау» мағынасында.

Ақтас – жұмысшы кенті. *Ақтас* атауы өзінің тіке мағынасында (ақ және тас компоненттерінен құралған атау).

Ақтау – жұмысшы кенті. *Ақтау* – «тау жыныстарының түсіне қарай айқындалады».

Ақша-Қожай – Қарағанды облысындағы мекен аты. Қос этноним: Ақша және Қожай этникалық топтарының аты.

Ақөлең – Жезқазған өңіріндегі мекен аты. «Ақ өлең шөпті» мағынасындағы атау.

Андагүл – Балқаш маңындағы жазық даланың аты. *Қаз. аңды* және *гүл* сөздерінен құралған атау.

Андасай – даланың аты. Бетпақдаланың оңтүстік-шығысындағы жазық (Құланөтпес – Бүркіттау аралығы). *Түр. анда* және *сай* компоненттерінен құралған атау. *Этим.*: «анды сай»

Арыс – көл атты (Жезқазған өңіріндегі Шолақ-Нұра тауындағы көл). «Қалың тайпа мекені» ұғымына нұсқайды.

Арыснұра – өзен аты (Жезқазған өңірінде). *Этим.*: «Кең нұра», «шалқыған нұра» мәніндегі атау.

Атығай – мекен аты (Балқаш көлінің оңтүстік жағалауы). *Қаз.* этникалық топ атымен аталған.

Әжібай-Ақпас – Балқаштың оңтүстігіндегі мекен аты. *Қаз.* қос анротопонимі (Әжібай және Ақпас).

Бабалы – дөңес жердің аты. *Көне түр. баба<аба+афф. –лы* – ата-баба мекені (не солардың бейіті) мәніндегі атау.

Балатеңіз – Арқадағы және Балқаш көлі атырабындағы көлдер аты. Балатеңіз – «Теңіздің» немесе «Үлкен көлдің» бір бөлігі мәніндегі атау.



Киелі көл, қасиетті Балқаш

Балқаш – көл, қала аты. Атаудың шығу төркіні мен мағынасы жайлы әртүрлі пікір бар. Әуел бастан ол *Балықаш* аталып, кейіннен *Балқаш* боп қалыптасқан болу керек. Өйткені көне түркі тілдерінде *балық* – «су, өзен» деген сөз болғаны тарихи деректерден мәлім.

«Балқаш» – «жағасы балшықты, батпақты, су көп, мол көл» деген мәнді білдіретін атау.

Көлдің қазіргі атауына байланысты халық ішінде бұрыннан айтылып келе жатқан аңыз бар. Бұдан көп ғасырлар бұрын көлдің батыс жағалауын бір бай мекендеген екен. Оның Балқия атты аса көрікті қызы болыпты.

Ол тек көркімен ғана емес, ақылымен де, адамгершілігімен де ел ауызына ілігіпті. Сүйікті қызды әкесі ғана емес, бүкіл жұрт еркелетіп Балқаш деп атайтын болыпты.

Жасы он жетіге толғанда Балқия алыс елден келген Ерден атты бір жас жігітке ғашық болады. Алайда қазақтың көне әдет-ғұрпы бойынша ата-анасы қызды бала күнінде атастырып, бай қалың мал алып қойған екен. Мұны естіп-білген қыз бен жігіт жасырын қашпақ болып келіседі де, бір ыңғайлы келген түнде екеуі екі атқа мініп тайып отырады. Ертесіне екі ғашық бір қалың қамыстың ішіне келіп дем алуға тоқтайды. Мұнда олар ойламаған жерден қырсыққа тап болады. Тал түсте аттарына қамыс ішіндегі қабандар тап береді. Ерден аттарды құтқарам деп жүргенде, қабанның азу тісі денесіне ондырмай ауыр жарақат салады. Балқияның сүйікті жігітін өлімнен арашалап қалуға шамасы келмейді де асыл жарын жерлеп, өзінде сол жерде өлмек болады. Ал бұл кезде қабаннан үркіп қашқан екі ат қыз бен жігіттің туған ауылына келіп бір-ақ тоқтайды. Ыза болған қыздың әкесі жігіттерге қашқындарды ұстап әкелуге әмір береді және оларды халық алдында қарабет қылып жазаламақ болады. Қашқындарды іздеп шыққан жігіттер ат тұяғының ізімен жүріп отырып, қыздың тығылған жерін табады. Қуғыншыларды көрген соң, әкесінің қатал мінезін жақсы білетін Балқия, қолға түскеннен өлімді артық көріп, биік жардан көлге бір-ақ секіреді де су түбіне кетеді.

Бұл ауыр оқиға, трагедия сол маңдағы елге түгел жайылып, бұдан былайға жерде көлді өздері еркелетіп айтатын, сүйікті жас арудың атымен халық Балқаш деп атап кеткен екен.

Бұл көл атын алған шаһар – іргетасы 1937 жылы қаланған, Балқаш көлі жағасындағы, Қарағанды облысына қарасты қала. Балқаш көлінің солтүстік жағында кеме тоқтайтын орын (пристань) – айлақ және қалада темір жол стансасы бар. Түсті металлургия орталығы, тау-кен металлургия комбинаты, балық шаруашылығы, Ғылым академиясы ботаника бағы орналасқан.

Бектауата – тарихи тау, биіктігі 1215 м., село, Қарағанды обл. Халық аңызы бойынша: «Бектау ата және Бегазы деген екі әулие болған. Олар қашып келіп, осы тауды пайдаланған». Балқаш қаласының оңтүстік шығысында 60 км. жерде Әулиетау деп аталатын тау бар, жергілікті халық оны Бектауата деп атайды. Оның жанында Ұранқай деген шоқы бар. Әулиетау деп аталуы – тауға сыйыну, табынумен байланысты қойылса керек. Балқаш маңайын зерттеген ғалым П.Сарычев былайша жазады: «Бектау ата – оңтүстік пен солтүстікті жалғастыратын нысана іспетті керуен жолдың бойында тұрған «шамшырақ». Оның сүйір төбесі Балқаш көлінің оңтүстік жағалауынан көзге ілінеді. Көлдің астынан жарып шыққандай сүстиып тұрады және «бері тарт» дегендей ишарат береді. Сол таудың астында үлкен үңгір бар. Ол мөп-мөлдір тұщы суға толы. Су бетінің деңгейі әрдайым бір қалыпты: жоғары көтерілмейді, төмен түспейді. Табиғаттың осы жұмбағының көріністері дала жұртының сезімін билеп, атаудың постпозитивтік компоненті боп тұрған «ата» сөзін қоныстырғандай» (орысша текстен аударған Е.Қойшыбаев). Қазақстан жерінде *ата* тіркесімен аталатын жерлер (мәселен, Әулиеата, Сунақата, Асықата) көбіне сол жердің «киелі», «қасиетті», «әулиелік» күдіретіне байланысты халық нанымына сай қойылып отырған. Демек, осы себептен Бектауата «қасиетті», «әулие», «киелі Бектау» деген мәнді аңғартады.

Бетпақдала – Шу өзенінің терістігінен басталып, Балқаш көлі мен Сарысу өзені аралығындағы Жамбыл мен Қарағанды облыстарының көп жерлерін алып жатқан шөл дала.

Шөл даланың сүйкімсіз де сұрықсыз қалпына қарай, бұл атау парсы тілінің «*бад-бахт*» немесе «*байдбах*» сөзі арқылы жасалған дейді, кейбір зерттеушілер. Әрине, бұл көзқарасты теріске шығару қолайсыз. Өйткені көрсетілген сөз біздің түсінігіміздегі «бақытсыз, жаман, жексұрын, жиренішті» іспеттес мағына береді. Шын мәнісінде де жер жаратылысы осы сипатқа сәйкес.

Бұған қосымша мына бір жайтты да естен шығармаған жөн. Қазіргі Бетпақдала өте көне заманда су жайылған жер болуы ықтимал. Уақыт өткен сайын су тартылып, оның орнында батпақты дала пайда болып, міне, сол кезде оған «Бетпақдала» атауы берілуі де ғажап емес. Сол кездегі көл-көсір судан қалғаны Балқаш көлі болуы мүмкін. Ал, «батпақ» сөзінің алғашқы төркіні – түркі тілі ме, әлде парсы тілі ме? Бұл жерін анықтап айту да қиын. Себебі біздегі «батпақ» сөзі мағынасын өзгертпестен парсы тілінде – «батлағ» дыбыстық қалыпта ұшырасады. Мұндағы ерекшілік – біздің тіліміздегі «п» орнына «л», «к» орнына «ғ» қолданылуы. Бұл тұрғыдан алсақ, бірінші буындағы «а» дыбысының «е»-ге алмасып, келе-келе «бетпақ» болып өзгеруі де таңданарлық жағдай емес. Осы себептен де, сөздің алғашқы қалпы «батпақдала» болар деп жорамал жасауға бой ұрдық.

Бұқпа – өзен, Қарағанды қаласының оңт.-шығ.-да жазық даланы көлбей ағады. Жағалай тал, өсімдік өспейтіндіктен дәл жағалауына келгенше байқау қиын. Осы ерекшелігін *бұқпа* сөзі де анықтай түседі. Тіліміздегі *бұқ* етістігі – жасырыну «бой тасалау», «көзге көрінбеу» мағынасын білдіреді. Ал *па* қазақ тіліндегі етістіктерден есім тудырушы жұрнақ.

Дересін – Балқаш көлінің солтүстік жағасындағы жер аты. Жері шилі, қалың шөпті болып келеді. Бұл монғолдың *дэрс* (үн) – «шилi», «шөпті» деген сөзінен алынған. Ғ.Қонқашбаев та осы пікірде бола отырып, бұл аймақта Бас – Дересін, Орта – Дересін, Аяқ – Дересін деген жерлер бар екендігін көрсетеді.

Дүмқара – Балқаш жазығындағы кіші-гірім тау аты. *Дум* және *қара* сөздерінен құралған атау. *Дум* тұлғасы «тұғыр» мәнінде қолданылғаны көрінеді. *Қара* сөзі «шоқы» мәнінде.

Жауыртау – атауын халық аңыздарында жиі кездестіреміз. Бұл атау туралы көнекөз қариялардың айтуынша: «Айбас Қозының ел-жұртын іздеуге шығып, астындағы атының одан әрі жүруге жарамай, жауыр болып қалған жері, қазіргі Теміртау маңайы болса керек, содан Жауыртау атанған еді», – дейді.

Теміртау қаласының солтүстік жағында жауыр аттың иығы секілді айғыздалып жатқандығы үшін Жауыртау деп атап кеткен кішігірім шоқы бар. Атадан балаға ауысып отыратын халық аңызы Жауыртау деген атауды «Қозы-Көрпеш–Баян-сұлу» жырымен сабақтастырады. Ол жырда былайша суреттеледі:

«Жауыр атты сен жүрсің, жаба тоқып,
Көктайын жауыр қылған соған орай!..»

Кәдуелгі «жетпіс жыл баққан малының жеті жапырақ етін тісіне басуға қимайтын» – Қарабай әкесі өлген Қозыны қомсынып қаша көшетін аңыз бар. Ұзақ көш жолында қырық нары арып өліп, Қарабайға Аякөзге келгенде ноғайлы Шақшақ байдың баласы Қодар Баянға ғашық болады ғой. Кешікпей-ақ тоқсан мырзасын жалшылыққа берген Қодар Қарабаймен әмпей болып алады. Сонда әбден шарасы таусылған Баян Айбас деген жігітті қанатты қара биеден туған Бақа айғырға мінгізіп, алыста қалған ғашығы Қозыға жібереді. Сәлемдеме деп алтын сандыққа домбрасы мен моншағын, басындағы қарқара қадаған топысын салып берген екен.

Қарабайдың қырық нарын жалмаған ұзақ жол Айбастың арғымағына да оңай тимепті. Шексіз-шетсіз сары дала Айбастың өзін де, астындағы тоқпақ жал Бақа айғырды да титықтатса керек. Алайда қаншалықты қалжырап, қажыса да Айбас Баянның өтінішін орындау үшін Қозы Көрпештің елін бетке алып жүре берсе керек. Бірақ, амал қанша, елсіз-күңсіз сары дала астындағы аттың титығына жетіп, бір жерлерге келгенде болдырып, тоқырап тұрып қалыпты. Айбас алған бетінен сонда да қайтпайды. Бақа айғырды Тоқырауын бойының сонысына тынықтырып алып, тағы да жүріп кетеді ғой. Ай жүреді, апта жүреді, бір жерлерге келгенде мінген атынын тұяғы сөгіліп, арқасы ошақтай жауыр болып, мүлдем міністен қалған екен. Осынау жауыр аттың қалған жері содан бері «**Жауыртау**» атаныпты дейді қыр аңызы.

Ер жігіттің атын арытқан **Жауыртауды** қазір **Теміртау** деп атайды. Халық жүрегінен шыққан атау өміршең болады. Шынында да Теміртау дегеніңіз – ел өміріндегі тарихи-әлеуметтік өзгерістерімен біте қайнасқан атау. Теміртау десе Теміртау. Кәдуелгі «тау-тау темір» деген сөзден шыққан атау. **Теміртау** – 1945 жылға дейін Самарқант қалашығы аталып келіп, 1945 жылдың аяғында Теміртау қаласына айналған. Қарағанды облысына қарасты, Самарқант су қоймасының жағасындағы қала. Бұл жерде темір көп болғандықтан да Теміртау аталған.

Жезқазған – қала аты. Жезқазған атауының құрамы екі сөзден жасалған. Оның бірі – *жез*, екіншісі – *қазған*. Осы қазған сөзін талдағанда: *қаз* деген етістікке есімшенің өткен шақтық - *ған* жұрнағы жалғану іс-әрекеттің болғандығын баяндайды.

Қағыл – Қарағанды облысында Бас Қағыл, Орта Қағыл, Аяқ Қағыл деген тау аттары бар. Мұндағы Қағыл атауы *қағу* (жел қағу, желмен үрлеу) етістігіне зат есім жасайтын –*ыл* жұрнағы қосылу арқылы жасалған.

Қазық – Қарағанды облысындағы кіші-гірім төбешікті даланың аты. Көне түр. этнотопоним. *Қаз* этнониміне –ық қосымшасын жалғау арқылы жасалған атау.

Қалмаққырған – ірі өзен. Тарихи деректерден қазақ жасақтарының жоңғар басқыншыларына 1728-29 жылдары ойсырата соққы бергені белгілі. Сол жылдардың куәсі, халықтың ұлт-азаттық күрестегі ерлік істерінің ескерткіші ретінде бұрынғы «Білеуті» өзені «Қалмаққырған» деген атқа ие болды

Қарағанды – 1932 жылдан қала. Республикамыздың ауыр өнеркәсібін дамытуға өзіндік үлкен үлес қосып келе жатқан өркенді өнеркәсіпті қала. Қарағанды облысының әкімшілік орталығы. Осы облыстың Жаңаарқа ауданында тау, елді мекен, Ақтоғай, Ұлытау ауданында өзен де осылай аталады. 1833 жылы қазіргі Қарағандыдан 25 шақырым қашықтықта Нұра өзені бойынан Байжан қарттың Әппақ деген қойшы баласы тас көмір кесектерін тауып, бұл жердің «Қарағанды» атанғанына бірталай уақыт өтіпті. Бір кездері тек «Қараған» деп аталатын тікенек өсімдіктен басқа ештеңе өспейтін бұл өлкеден бүгінде қара алтынның «Қазыналы түбегі» Қарағанды қаласының заманымыздың дәулетіне сай сәулетті шаһарын көреміз.

Атаудың мағынасы – «қараған қалың өскен жер». *Қараған* – өсімдік аты. *Қараған* сөзіне -ды қосымшасы жалғанған атау.

Қаражал – биік жал, өзен аттары. Сондай бір жал аты бойынша Қарағанды облысына қарасты қала аты.

Қарасор – Қарағанды облысындағы ащы-тұзды көл. Алабы 135 км²., тереңдігі 5 м-ге дейін. Қарасорға бірнеше өзен құяды. Ондағы рапа мен балшықтың емдік қасиеті аса күшті.

Бұл көлдің аты тіліміздегі байырғы, төл сөзден жасалғандықтан, жалпы халыққа кеңінен түсінікті.

«*Қара*» сөзі топонимдік атаулар жасауда жиі қолданылып, кейде өзінің тура мағынасында заттың түр-түсін білдірсе, кейде «үлкен, зор» деген мағынаны білдіреді. Ал атаудың екінші сыңарындағы *сор* сөзі – «жазда құрғап, ащы сорға айналатын кішкене тұзды көл; батпақты сор».

Демек, **Қарасор** атауы «көлемі едәуір үлкен, суы аз, тұзды көл; батпақты, балшықты сор» дегенді білдіреді.

Қоңырат – Қарағанды облысындағы қала аты. Бұл атаудың шығу төркіне тоқталсақ, халық аңызымен байланыстырады: «Ертеде бір байдың жүйрік тұлпар қоңыр аты болыпты. Жастайынан қорлық пен зорлыққа булыққан ер жігіт бір күні байдың тұлпарына мініп алып, бар жылқысын шөлге айдап қашады. Бай жан-жақтан қуғын шығарғанымен, жеткізбейді. Ақыры ол жапан түзде тұрған бір шоқыға жете бергенде, бірнеше күн отсыз, сусыз шапқан қоңыр ат мұрттай ұшады да содан қайтып басын көтермейді. Содан былай биік Қосшоқы Қоңырат атанып кетті», – деді.

Халық аңызында жер-аты осылай аталса да, бұл атау жөнінде, А.Абдрахмановтың «...қоңырат этнонимі түркі сөзінен жазылғанын және өздері де түркі тайпасы екенін дәлелдейді» (А. Абдрахманов, Қазақстанның этнотопонимикасы, А.А. 1979, 117 б.), деген пікірі шындыққа келетін сияқты.


Майкұдық – тұрғын аймағы. Көне түр. *май* және *құдық* сөздерінен қалыптасқан атау. «Май» тұлғалас тіркестер түркі тілдерінің көкке табыну дәстүрінен елес береді: қаз. «от ана, май ана», алт. «май эне», орхон жазбаларында «үмай». Сонымен қатар, бұл сөз кезінде түркілер өздері ұмытып кеткен тасқа салынған таңбалар деген ұғымды білдіреді. Майкұдық «Киелі құдық» мәніндегі атау.

Мыңарал – Балқаш көліндегі аралдың аты, темір жол стансасы. Екі түрлі версияда төркіндетіледі: 1) этнотопоним («мындардың аралы»); 2) географ. «архипелаг» мәніндегі атау.

Нұрақ – Балқаш көлінің оңтүстігінде созылып жатқан төбенің аты. *Көне: нұра + қ* (кішірейткіш өлі жұрнақ) – «кішкене қыр» мәнін береді.

Өгізарал – Балқаш көліндегі аралдың аты. *Этим.: көне түр. үгүз* («өзен су») және арал сөздерінен қалыптасқан атау.

Саран – қала аты. Қаз. сораң (обл.) «сортаң жер» мағынасындағы атау.



Сарыарқа (Жезқазған өңірі)

Сарыарқа – Қазақтың ұсақ шоқылығы атты өлке. Батыстан шығысына қарай қашықтығы 1200 км., ені 250 км. Батысы кең жазира құба жон, ұланғайыр жазық келіп, биіктеу жерінде бой көтерген Ұлытау (биіктігі 1133 м.) мен Көкшетау жоталары (биік. 947 м.), орта шенінде Қарқаралы тауы (1403 м-ге дейін), асқақ таулары Қызылтас (Ақсораң 1565 м.) және Шыңғыстау жотасы (1469 м.) көзге ерекше түседі.

Сарыарқаға Қарағанды, Астана, облыстарының жері толықтай, Көкшетау,

Торғай, Семей, Павлодар облысының біраз жері кіреді. Қарағанды облысының территориясы, негізінен, Сарыарқаның орта бөлігіне орналасқан. Сондықтан да жергілікті халық осы өңірді ежелден Сарыарқа, Арқа даласы деп атаған. Арқа, Сарыарқа атауының мән-мағынасы жайлы А.Әбдірахманов, Е.Қойшыбаев, Н.Баяндин, А.Сейдімбеков пікірлері ғылыми тұрғыдан дұрыс қолдау тапты. Сарыарқа сөзімен құрамдасып келген атаулар, сөз тіркестері тілімізде тек түсті ғана білдірмейді, «кең», «мол», «үлкен» деген мағыналарда қолданылады.

Сарыарқа атауы «жер бетіндегі өсімдіктері күйгендіктен сарғайып жататын кең де үлкен жон, жалпақ үстірт, сансыз адырлы қырқа» ұғымын білдіреді.

Сарысу – Қарағанды және Қызылорда, Жамбыл облыстарындағы өзен. Ұзындығы 800 км., басс. алыбы 83,6 мың км². Сары даланы бойлай ағады да, Бетпақдала шөлейтіні сіңіп кетеді. Жоғарғы және төменгі ағыстары шілдеден қаңтарға дейін құрғап қалады. Негізінен ішуге және жер суландыруға пайдаланады. Атаудың Сарысу аталуы оның суының молдығы мен ұзақ жерге ағуына байланысты болса керек. Топонимдер құрамындағы *сары* сөзі негізгі (түр, түс мағынасынан бөлек) «үлкен, ірі, зор» мәнінде қолданылатыны белгілі. Осыған ден қойсақ, *Сарысу* «үлкен, ірі өзен» деген мағынаға толық сай келетіндей.

Сарышаған – сулы мекен аты, жұмысшы кенті. *Тур. Сары және шаған* сөздерінен құралған атау. «Шаған» өсімдіктері мол жер мәніндегі атау. *Көне тур.* және *монг.* тілдерінде: *шаған>сақан>цахан* – өсімдік аттары.

Саяк – ҚТП және темір жол стансасы, әуелде төбенің аты. Қырғыз халының Саяк тайпасымен қатысы жоқ. «Саяқтөбе» ұғымындағы атау.

Тарғыл – Балқаш көлінің солтүстік жағалауындағы мекен (сай, тау) аты. Осы аймақта өсетін өсімдікке байланысты қойылған атау. Кейіннен этникалық топ атына айналған.

Тарғылата – Тарғыл тауының ең биік шоқысы. «Береке басы» ұғымына тән сиындық мәнді жер.

Тентек – өзен. Өзеннің Тентек аталуы оның құтырына аққан, қатты ағысына байланысты қойылса керек. Таудан төмен қарай аққан көп өзен Тентек өзеніне қосылып, су көлемі көбейіп, арнасы толған соң екпіндей, сарқырап-күркіреп, қатты ағуы табиғи құбылыс.

Шахтинск – бұрынғы төбе, жайлау, қазіргі қала. Бұл атау сырына *Ғ.Қонқашбаев, А.Әбдірахмановтар* тоқтала келіп, Шаған монғолдың *цагаан /ақ/* деген сөзінен бұрмаланған атау дейді. Монғолша-қазақша сөздікте *цагаан* сөзі *ақ* деп аударылған. Монғол тіліндегі *ц* дыбысының қазақ тілінде *ш* дыбысымен берілуі заңды құбылыс

Абай ауданы

Ақбастау – ауыл, Сарыарқадағы тау және мекен аттары. Этим.: 1) «Ақбас» руының тауы; 2) «тұнық бастау» мәндес атаулар.

Жаргас – мекен аты. Көне түр. *чарташ* түрлерінде келеді. Атау «тасты жар» деген мағынаны білдіреді.

Көксу – ауыл. «көк өзен» мәніндегі атау.

Қарабас – поселке. Атаудың тура мағынасы «қара бас»

Қоңыртөбе – төбелер атауы. Атау «қоңыр өсімдігі қалың төбе» деген мағынаны білдіреді.

Құмадыр – тау. Атаудың тура мағынасы «құмды адыр»

Тектұрмас – тау. Бұрында өткен-кеткендерді торитындардың бұқпа жері.

Топар – өзен, көне атау. Қарағанды облысының Абай ауданындағы жұмысшы кент атауы. Бұл өзен аты оның ағысы мен табиғатына байланысты қойылған. Шығу төркіні жағынан түркі үндіеуропа тілдеріне тарататындай. Өйткені тіліміздегі *тапыр-тапыр*

(қатты, асығыс жүріспен байланысты еліктеу мәніндегі сөз), сондай-ақ *апыл-тапыл*, *апыр-топыр* тәрізді қос сөздердің «*тапыр*», «*топыр*» сөздері және топан су («ағыны қатты сел, су») топ сөздерінің синкретикалық түбірі – *то//тан//топ*. Ал атаудың екінші құрамындағы ар тұлғасын о бастағы жеке мағыналы сөз деп танудың орны бар. Демек, «*Топар*» «жылдам, тез, ағыны қатты өзен» деген мәнге лайық.

Шерубай-Нұра – Қарағанды облысының Абай ауданында Шерубай-Нұра деп аталатын өзен және аттас бөген бар. Атау дара мағыналы екі сөзден жасалған, бірінші *Шерубай* сыңары кісі есімінен жасалған. Ол көне түркі тіліндегі *шери*, алтай тіліндегі *черу* – «әскер», «армия» дегенді білдіретін сөз, ал ұйғыр, өзбек тілінде *шерик* деп аталып, «әскер, қолбасшы» деген мағына береді. Бұл сөзге қазақ тіліндегі *бай* сөзі қосылып кісі есімі жасалған. Ал гидронимнің екінші Нұра сыңарын зерттеушілер монғолдың жыры дегенді білдіретін сөзі деп түсіндіреді.

Ялта – елді мекен. Бақсақ бұл өңірдің байырғы атауы «Алты үй» екен. Жуан сіңір байлардан зәбір көрген алты кедей осы бір жалаңаш бұйратты сағалап отырса керек. Содан «Алты үй» атанған.

Ақтоғай ауданы

Ақтоғай – Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданындағы село аты. «Ақтоғай» атауының бірінші сыңарындағы «*ақ*» сөзі топонимдер құрамында келгенде «таза, мөлдір, тұнық» және «кең, үлкен» деген мағынаға ие екендігі көп айтылады. Ал «*тоғай*» сөзін талдау барысында, оның Орта Азия, Қазақстан, Кавказ, Оңтүстік Орал, Оңтүстік Сібір, Еділдің төменгі ағысындағы халықтар тілдерінде кеңінен қолданылатыны, бірақ әртүрлі мағынаға ие екендігі сөздіктерде анық көрсетілген. Бірақта: «Қазақ тілі нормасына келтіргенде, бұл сөздің төлеуі, жобамен, «сай-сала» немесе екі арна мәнделс ұғым береді», – деген пікірмен келісуге болмайды (Қойшыбаев, 1985, 37). В.В.Радловтың сөздігінде (1905, 3 т.) *тогай*, *тогаі*, *токоі*, *токаі*, *токакаі* тұлғаларында беріліп, «шалғын», «орманды алқап», «ағаштар мен бұталар қалың өскен өзен... арал не жарты арал», «өзен түбектеріндегі қалың ағаш» деген мағыналарға ие екендігін көрсетілген (Э.Мурзаев, 1984, 562). Қалайда «*тогай*» – географиялық термин ретінде түркі тілдерінде ерте заманнан қолданып келе жатқан лексема. Ол түркі тілдерінен орыс әдеби тіліне де еніп, *тугай* тұлғасында жиі қолданысқа түседі.

Демек, республикамыздың көптеген облыстарында ұшырасатын «Ақтоғай» атауы «су, өзен жағасындағы шағын орман» мәніне ие деп қарауға болады.

Ахметеспе – Қарағанды облысының Ақтоғай ауданындағы өзен. Араб тілінде *Ахмет* «мақтаулы», «мақтауға тұрарлық» дегенді білдіреді, ол Мұхаммедтің қосалқы аты. Ал атаудың құрамындағы *еспе* сөзі – халықтық географиялық термин. Ол екі түрлі мағынада жұмсалады. Біріншісі – белгілі бір мерзімде ғана су ағатын, көктем кезінде қатты тасып, арнасып орып, жуып кететін, соңынан кеуіп қалатын өзенді білдіреді, ал екіншісі – үстірт жақта онша терең емес құдықты айтады.

Бегазы – тау, елді мекен, Ақтоғай ауд., Қарағанды обл. Академик Ә.Марғұланның айтуынша, «*Бегазы*» атауы көне түркі тіліндегі «*биік*» деген екі сөздің бірігуінен жасалған.

Мұндағы «биік» деген сөзі дыбыстың құбылуымен «бек», «бегі» болып өзгерген. Ал «аз» сөзі сол жерде мекен еткен тайпаның аты».



Бегазы баурайындағы қола дәуіріндегі қорым Қазақстан мемлекетінің бақылауында

Біздің байқауымызша, тіліміздегі «биік» сөзі көне түркі тіліндегі *begik* (Древнетюркский словарь, 1969, 91) сөзінен өзгеріп қалыптасқан. Ол сөз әзербайжанша *boiuk* – «үлкен, ұлы, зор»; түркм. *beguk* – «жота, төбе», «құм жоталарының қыры, биігі»; тува *beguk* – «тау»; хак. *позак* – «биіктік», «биік»; қырғ. *бийк* – «жоғары», «биік»; түрік. *b<u>yuk* – «үлкен», «биік» деген топонимдік мәнге ие. (Мурзаев, 1984, 78).

Бұл нақтылы дәлелдерге қарағанда, «Бегазы» топонимінің бег компоненті (сыңары) – «биік», «үлкен», «зор» деген мағына білдіретіні анықтала түседі. Ал оның екінші сыңарындағы «азы» көне түркі этнонимі «аз» <(haz) дегенге жанаспайтын сияқты. Өйткені көне түркі тілдерінде, тіптен қазіргі шығыс түркі тілдерінде (алтай, хакас, тува) «азых» – «асу», «бел», «ашық алаңқай», «кең дала», «алқап» деген мағынаға ие. Демек, Бегазы топонимінің екінші сыңарындағы «азы» сол «азых» сөзінің соңғы *x* (ғ) дыбысын түсіріп, қысқарған түрі деп білеміз. Олай болса, «Бегазы» топонимінің толық мағынасы: «биік, асу үлкен тау».

Жәмші – Қарағанды облысының Ақтоғай, Шет аудандары жерінен Жәмші деп аталатын ұзындығы 117 км. өзен ағады. Ол Қызылтас тауының оңтүстік беткейінен басталып, Қарабұлақ мекені тұсында тартылып қалады. Бұл өзенді Жаман, Қарасай деп те атайды. Жәмші – Үш Оқтан тараған қазақтардың бір тайпасының аты. Оның есімі жоғарыда аталған өзенге және сол жердегі ауылға қойылған.

Қараадыр – елді мекен. «Қара отты адыр» мағынасындағы атау. «Қалыңадыр» мағынасындағы да айтылуы ықтимал

Қараменді – өзен. Ақтоғай ауданы арқылы басын Қиматас тауының оңтүстігіндегі бұлақтардан алып, Тоқырау өзеніне құяды. Ұзындығы – 79 км. Бұл өзен аты белгілі Қараменде руының атымен байланысты болу керек.

Қызыларай – тау, елді мекен аты. Атау екі компоненттен жасалған. Алғашқы сыңары тау түсін білдіреді, себебі тау, шын тастары қызғылт түсті болып келеді. Ал екінші сыңары *арай* // *орой* компоненті шын мағынасындағы монғол сөзі. Мұны монғолша-қазақша сөздіктегі «орой» сөзінің «таудың басы», «шыңы» мағынасында қолданылатыны да растай түседі. Демек, «Қызыларай» – «таудың қызыл түсті шыңы, биік жері» деген мағынаны білдіреді.

Майлы – тау, Ақтоғай ауд., Қарағанды обл. Құрамындағы «май» сөзі бар жер-су аттары республикамызда көп кездеседі. Мәселен, *Майлыбұлақ*, *Майөзек*, *Майтас*, *Майшөп*, *Мақайың*, т.б. Көне түркі тілінде «май» «киелі, қасиетті, құдіретті» ұғымында қолданылған. Мәселен Таулы Алтай тілінде «май» және «эне», Орхон-Енисей жазуларындағы «Ұмай» – «Жер және Су перісі».

«Майлы» атауының топонимдік мағынасы «киелі, қасиетті, құдіретті тау» дегенді білдірсе керек.

Бұқар жырау ауданы

Айнабұлақ – өзен. «Айна» және «бұлақ» – өзен сөздерінен шыққан, яғни «мөлдір, таза өзен» дегенді білдіреді.

Ақбел – «Қызыл Октябрь» ауылының бел аты. «Ақ отты бел» мәніндегі атау

Ақжар – Энгельс атындағы ауыл аймағындағы елді мекен аты. Ақжар – «ақтаңтақ жар».

Ақсу – Ащысу тармағы. *Ақ* сөзі судың түсін (ақтығын) көрсетпейді, ағындылығын, тау басынан өз арнасымен төмен қарай ағып келетін қардың суы екендігін көрсетеді.

Ақтас – Көктал ауылының жері. *Ақтас* атауы өзінің тіке мағынасында (ақ және тас компоненттерінен құралған атау).

Ақтөбе – Амангелді атындағы ауылдың елді мекені. Түр. «ақотты төбе» мағынасын беретін атау.

Ақшоқы – шоқы аты. Шоқы бастарының ағарып көрінуімен байланысты атау.

Алабас – Пушкин атындағы ауылының бөлімшесі, Дубовка поселкесінің учаскесі. Қаз. этникалық топ атымен қойылған атау.

Алтынсу – өзен, Нұра өзенінің сол саласы. «Алтынсу» тура мағынадағы атау, немесе «жағасында алтын кездесетін өзен».

Амангелді – ауыл аты. Халық батыры, қазақ халқының 1916 жылы патшаға қарсы ұлт-азаттық көтерілісі басшыларының бірі, Қазақстандағы Азамат соғысының қаһарманы Амангелді Иманов атымен байланысты.

Арықтыкөл – көл, өңір, бұл өңірде 1913 жылы 7 ақпанында Пиретинский посекасі құрылған. Көлдің суы ертеректе одан тартылған арықтар арқылы жер суғаруға пайдаланылған, содан Арықтыкөл аталған.

Астаховка – Калинин атындағы ауылдың елді мекен аты. Ол 1908 жылы 30 қаңтарда құрылған. Атау жер аударып келгендердің тұрғанын көрсетеді.

Ащысу – өзен, Нұра өзенінің оң саласы. Суы «тұзды әрі ащы» өзен.

Аюлы – тау. Биіктігі 812 м. және Буденный атындағы ауылдың қазақша аты.

Бабаев атындағы ауыл – Ауыл агроном-ғалым, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Авиация апаты кезінде қаза тапқан, Қазақ егіншілік институтын басқарған Қылыш Бабаевтың (1913-1948) құрметіне аталған.

Баймырза – Астаховка поселкесінің қазақша аты. Атау бұл жерде бай мырза тұрғанын көрсетеді.

Батпақкөл – көл қырат аралық ойпанда солтүстік-батыстан, оңтүстік-шығысқа қарай созыла орналасқан. Атау «батпақты көл» тура мағынасындағы көл жағалауының құрамын белгілейді.

Бекет – Бабаев атындағы ауылдың учаскесі. Бұл атау «пикет» орысша сөзінің қазақша мәнінде айтылған.

Белағаш – Қайың, терек және аракидік қарғай өскен орманды алқап.

Березняки – елді мекен. Атау поселке маңайында шағын қызыл қайың тоғайы орналасқандықтан аталған.

Борлысай – өзен. Атау өзінің тура мағынасында.

Ботақара – Бұқар жырау ауданының орталығы атанған елді мекеннің қазақша атауына келсек, ол – тарихи оқиғаларға байланысты аталатын жазба деректерде кездесіп қалатын, ғажап аңыздарға негіз болған.

Қазақ пен қалмақ бір күн жау, бір күн дос болған заман екен. Еңсегей бойлы ер Есімханның заманы болса керек. Осыдан 20 шақырым жердегі тауда қалмақтар бекініп, біздің тауда қазақтар қосыны дамылдап жатқан шағы болса керек. Қалмақ жағынан қарауылы қарап тұр ма екен деп, қазақ көргіші күн салғанда, таудың басында ұшқан өлдене құс секілді әппақ «жұмбақ құс» таудан әрі асып қонғандай болады.

– Е, аналар жайбырақат, әзірше ол жақтан келер қауіп жоқ, - деп бабаларымыз алаңсыз жата беріпті. Сөйтсе, әлгі құс дегені – көргіш қарауыл екен. Қалмақтар тұтқиылдан атойлады дейді. Ол уақыттың заңы ат ойнатып, атойланғанға қарсы жекпе-жек деп шыар болса, шабуыл тоқталып, соғыстың беташары жекпе-жекпен ашылатын көрінеді. Содан қазақтың қолбастаушысы Нарбота батыр «мен» деген қалмақтың екі-үш батырын найзаға іліп түсті дейді. Осы кезде сыптығырдай киінген, аты да, өзі де сайма-сай орағытқан қалмақтың жас батыры шықты дейді ортаға. Екеуі найзаласады, ерен күшке шыдамаған найза сынады, қылыштасады, қылыш та морт кетеді. Аттан бір-бірін аударып, алыса кеткен кезде әлгінің басындағы дулығаға Нарботаның қолы тиіп, онысы ұшып кетеді. Білектей қос бұрым жерге сүйретіліп, бағанадан алысқан жауы «қыз» екенін паш етеді. Иә, бұл қалмақтың айтулы сұлу, батыр аруы Цецен болатын. Нарботаның көзі шарадай жанып, көңілі аспанға атып, шайқаспақ болған білегі құшақ болып, айқара ашылды. Екі ынтазар көңіл жекпе-жек үстінде табысты. Осы кезде қалмақ жақтан сусылдаған жебе қазақтың боздағы Нарботаның жүрегіне кірші етіп қадалды. Ойлануға да үлгермеген ару қыз Цецен кісесін алып, өз жүрегіне дәлдеді. Өлім құшқан Нарботаның үстіне өзін-өзі мерт етіп құлады.

Иә, бұлар қазақ пен қалмақтың бейбіт заманында бір-бірімен табысқан, кейін жаугершілікте адасып қалған ынтазар көңілді ғашықтар болатын. Бұларға Ботақара көліне өткелсіз өзені құяр сағада бейіт орнатыпты дейді. Содан бері Нарбота батырдың аты осынау тауларға ортақ атау **Ботақара** болып қалса, сонау күншығыс түстікте орналасқан тау жотасы аяулы қалмақтың аруы Цецен есімін иеленіп, **Шешенқара** атанды.

Бұл бізге мәлім аңыздың бір парасы.


Ескі заманда осынау өңірде жалғыз ұлы бар әйел тұрса керек. Тігерге тұяғы жоқ байғұстардың бала-шағасын асырар от иесісі жау қолында хабарсыз кетсе керек. Бұлардың төрт түліктен жалғыз түйісі бар екен, көлігі де, сауып ішер ағын да айрып отырған інгеннің ботасы күндердің күнінде жоғалыпты. Адамнан бетер зарлап, боздаған інген ботасыз қалай іімек? Әйел бейбақ іздеуге шықты дейді. Содан осынау таулардың баурайында алыстан

әлдене қарайса керек, көңілі алып-ұшқан әйел: «Ботамды қара, ботамды қара» деп екі өкпесін қолына алып, жүгіріпті. Бұл кезде әжептәуір уақыт өтіп кетіп, шешесін күте-күте шаршаған ұлы жолға шығады. Содан күнбеткейдегі тау баурайында қарайғанды шешем екен деп, қуанғаннан «Шешемді қара» – «Шешенқара» аталып кетіпті.

Осынау сан ғасыр баба тарихының куәсіндей аңыз-ақиқатқа ие Ботақара атауы нешеме рет өзгертілді. Кейін осынау киелі жерге Санникова, Колхозная, Ворошилов, Ульянов деген атаулар берілген. 2001 жылы поселкенің 100 жылдық мерейтойына қарсы қайтадан ежелгі аты берілді.

Бұқар жырау ауданы – Қазақ поэзиясының тарихындағы ең соқталы тұлғалардың бірі Бұқар жыраудың есімін иеленген аудан 1928 жылы негізі қаланған Тельман және 1938 жылы ашылған Ульянов аудандарының бірігуі нәтижесінде 1997 жылдың 23 мамырында құрылды. Ауданның орталығы – Ботақара поселкесі (бұрынғы Ульянов поселкесі).

Бұқар жырау – XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең көрнекті өкілдерінің бірі. Ол



ұзақ өмір сүріп, көптеген тарихи оқиғалардың куәсі болған қазақ жырауы, мемлекет қайраткері 1668 жылдар шамасында туған, ол ерте кезден көзге түсіп, Тәуке ханның тұсында-ақ (1718 жылы өлген) қабырғалы би болған деседі. Бірақ Абылайға дейінгі билеп келген хандардың ешқасайсымен тіл табыса алмайды. Тек Абылай ханның тұсында жыраудың жұлдызы тағы да жанады, сөйтіп ол хан ордасына оралып, қалған өмірінде мемлекеттік істерге тікелей араласады. Бұқар жырау Қалқаманұлы Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданының аумағындағы Далба тауының бір сілемінде жерленген.

1993 жылы жыраудың 325 жылдық мерейтойын атап өтіп, Бұқар жырау жерленген Далба тауының етегінде халқымыз әулие деп танитын ұлы абыздың кесенесі салынып, ол 21 тамыз күні салтанатты түрде ашылды. Табаны үш таған болып келетін, биіктігі 12 метрге жететін бұл ғимарат қазақтың ұлттық бас киіміне ұқсас келеді де, кезінде ұлы бабамыз аңсап кеткен үш жүздің, бүкіл елдің бірлігін бейнелейді. Кесененің ашылу салтанаты көне Далба тауы етегіндегі салқар тойға ұласты.

Волков – Қаражар ауылының елді мекені. Жүзжылдықтың басында осы жерге қоныстанған шаруа Волковтың бұрынғы хуторы.

Волын – Дубовка ауылының елді мекені. Волын губерниясынан жер аударып келгендердің бұрынғы тұратын жері.

Гагарин – село, Гагарин атындағы ауылдың орталық мекені. Тұңғыш ғарышкер-ұшқыш Ю.А.Гагарин есімімен аталған.

Доскей – елді мекен. Зеленая Балка селосына тақау. Халық ақыны Доскей Әлімбаев (1850-1946) құрметіне аталған. Ол 16 жасынан өзінің ақындығын таныта бастаған. Революцияға дейін Доскей патша өкіметі мен бай, билердің айуандық қылықтарын өзінің өткір жырларымен өлтіре шенеді.

Кеңес заманы орнағаннан кейін Доскей көмірлі Қарағандыда өмір сүрген. Сондықтан шығармаларының негізгі тақырыбы Қарағанды кеншілерінің өмірі мен еңбегі болды. «Қарағанды», «Екі сайлау», «Жүрегім» деген өлеңдері ақынның таңдаулы шығармалары болып есептеледі. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы өлеңдері түгелдей дерлік Отан

қорғауға арналды. Облыстық ақындарының айтысын ұйымдастырушылардың бірі. Ақынға Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері атағы, «Құрмет Белгісі» ордені берілді. Д.Әлімбаев жерленген жеріне ескерткіш қойылған.

Есен – өзен. Бұқар жырау және Жанаарқа ауданының жерін басып ағады да Нұра өзеніне құяды. Басын Арқалық тауынан алады, ұзындығы 85 км. Есен, шежіре деректеріне карағанда Орта Жүз Арғын тайпасының Қанжығалы руынан тарайды. Аты аталған өзенге жоғарыдағы ру атының берілуі әбден мүмкін.

Жалғызқұдық – Көктал ауылының учаскесі. Атау өзінің тура мағынасында.

Жаңақала – село. Атау «жаңа ауыл» деген мағынаны білдіреді.

Жаңа талап – Амангелді ауылының елді мекені. Атау «жаңа талап, ынта» деген мағынаны білдіреді.

Жарқұдық – Волын селосының қазақша аты. Атау «жары бар құдық» деген мағынаны білдіреді.

Жаргас – тау. Атау «тасты жар» деген мағынаны білдіреді.

Жастілек – Колхоздың бұрынғы аты. Атау «жаңа ниет, ой» деген мағынаны білдіреді.

Жауыр – таулы мекен. «Жауыр» атауы сол бір мекен-жайдың кедір-бұдырлығын меңзейді.

Жосалы – «Қызыл Октябрь» ауылының учаскесі. Атау «жосасы көп жер» деген мағынаны білдіреді.

Жындысу – Буденный атындағы ауылдың үшінші бөлімшесінің учаскесі. Атау өзінің тура мағынасында.

Керегетас – таулар. Атау қаз. *кереге* және *жаргас* деген сөздерден құрылған.

Керней – тау. Елді мекен аты. Кейін Корнеевка деп атаған. Корнеевка елді мекенін Украина, Беларуссиядан келгендер 1907 жылдан бері қоныстана бастаған. Келген қоныстаушылар қазақтың Керней деген сөзін орысшаға бұрып, өз тілдеріне ыңғайлап Корнеевка деп атаған.

Керней сөзіне келетін болсақ бұл қазақтың төл сөзі, осы аттас үрмелі музыка аспабы да болған.

Көкпекті – село, Свердлов атындағы ауылдың орталық мекені, Нұра өзенінің сол саласы. Атау «көкпек (эллипсис) өсімдігі мол жер» деген мағынаны білдіреді.

Көктал – елді мекен аты. Көне атауларының бірі. *Тал* және *көк* сөздерінің біріне-бірі қарама-қарсы тіркестері қатысты мағынадағы «бел-белестер» ұғымын береді.

Қайындыкөл – Көлдің жағасында көп қайын өскен. Сондықтан Қайындыкөл деп атаған.

Қайнар – елді мекен аты. Қайнар – атау тұлғадағы немесе түбір тұлғалы топоним («көз» мағынасында).

Қансүйек – Токаревка поселкесінің қазақша аты. Нұра жағасында жерленген, аты аңызға айналған Қансүйек батырдың атымен аталған.

Қаражар – елді мекен аты. Түр. «Биік жар» мәніндегі атау.

Қаракөл – Дубовка поселкесінің қазақша аты. Түр. «көзді көл» мағынасындағы атау. Олай аталу себебі бұл тіркестегі *қара* сөзі жер мағынасында.

Қарақойтас – Бабаев атындағы ауылдың учаскесі. Жеке шоқылардың аты. Атау *қаз. қара және қойтас* сөздерінен қалыптасқан.

Қарақұдық – құдықты мекен аты. «Қара» сөзі құдық басының қарайып көрінетін түріне орай айтылған.

Қарамола – Бабаев атындағы ауылдың учаскесі. «Қалың мола» мағынасындағы атау.

Қарасу – өзен аты. Қарасу атауындағы *қара* сөзі судың түсіне қатысты емес. Қарасу ұғымы ежелден-ақ «мөлдір су», «сусын» мәнін берген. *Қарасу* – үлкен өзен емес, жер астынан, сай-жыралардан шығып жатқан қайнар суы. Бұл атаудағы *қара* сөзін байырғы түркі тілдес халықтар «жер» мәнінде қолданған. Сондағы мағынасы, біздің ұғып келгенімізден өзгешерек «жер суы» (грунт) деген ұғымда.

Қасқасиыр – Пушкин атындағы ауылдың учаскесі. Ату өзінің тура мағынасында.

Қожар – Нұраның оң жақ жағасындағы шоқы. Атау шоқының үсті бұжыр-бұжыр, кедір-бұдыр болғандықтан солай аталған.

Қорғанкөл – көл, ұзындығы – 3 км. Атау «обаның формасындай домалақ» көл деген мағынаны білдіреді.

Құмдыкөл – көл. Атау «жағасы құмды көл» деген мағынаны білдіреді.

Қымызқұдық – Көктал ауылының елді мекені. Атау «қымыз сияқты тәтті су» деген мағынаны білдіреді.

Қуөзек – Көктал ауылының учаскесі. Атау «құрғақ өзек, сусыз өзен» деген мағынаны білдіреді.

Құрылыс – Энгельс ауылының елді мекені, бұл жерде құрылыс жұмыстарының кең өріс алып құрылып бастағаннан солай аталып кеткен.

Қызылжар – өңір. «Қызыл» сөзінің мәні жардың топырақ бетінің реңімен байланысты.

Қызылтау – тау аттары. «Қызғылт түсті палеозой граниттерінен түзілген таулар». Түске байланысты атау.

Миньковка – село. Атау Екатеринославский (Днепрпетровский) облысынан келген, онда Миньково (Маньково) слободасы болған.

Покорное – село. Елібай деп аталатын жерді Покорное («Покоряться должны, их дело покоряться» - деген сөзден шыққан) деп ақ патшаның жендеттері ат берген. Эстониядан келген қоныс аударушылар іргетасын қалаған.

Самарқан – село, Ленин ауылының орталық мекені. Теміртау қаласының алғашқы атауы. Самарқан поселокесіне 1906 жылы адамдар тұра бастады, ал 1909 жылы 10 ақпаннан бастап дербес ауылдық басқару құқығын алды. Поселкеге алғашқы жылдары Самарқан губерниясынан немістер келген. Атау екі сөздің негізін алған: «Самар» – қоныс аударушылардың бұрынғы тұрған отаны және «қант» елді мекен деген мағынада. Осымен тұрғындар өздерін самарқандық екенін айрықтаған.

Сарыадыр – «Қызыл Октябрь» ауылының учаскесі. Атау «борпылдақ тау жыныстары» деген мағынаны білдіреді.

Сарыкөл – ауданның оңтүстік жағындағы көл. Атау «кең көл» деген мағынада.

Сарытөбе – Жауыр тауының жағасындағы өңір, Свердлов атындағы ауылдың екінші бөлімшесінің орталығы. Бұл жерде 1902 жылы атақты жазушы Ғабиден Мұстафин туған. Атау «кең» немесе «мол төбе» деген мағынаны білдіреді.

Саумалкөл – көл аты. Орын алып келген «саумал» (биенің сүті) мәніндегі түснік дұрыс емес сияқты. Өткен ғасырдағы орыс зерттеушілері *саумал* сөзін өсімдік атымен ұштастырады.

Семізбұғы – тау. Атау «семіз бұғы» немесе «шөптің түрі» деген мағынада.

Суықсу – село, Октябрь мамандырылған шаруашылық бірлестігінің орталық мекені. Атау «суық жылға» деген мағынаны білдіреді.

Тасауыл – «Березняки» ауылының бөлімшесі. Атау «тасты ауыл» деген мағынада.

Тастышоқы – елді мекен, Кузнецк ауылының екінші бөлімшесі. «Тасты үсті үшкір шоқының» етегінде орналасқан.

Таушық – елді мекен, Буденый атындағы ауылдың бөлімшесі. Түр. тау және *шиг(л)* немесе *чиг(л)* сөздерінен қалыптасқан этнотопонимге жорамалдынылады.

Тегісжол – Киров атындағы ауылдың бөлімшесі. Атау өзінің тура мағынасында.

Текеқараөзек – Ростовка селосының қазақша аты. Атау «жабайы текелердің азықтану» жері деген мағынаны білдіреді.

Теректі – шоқы тізбегі, Соқыр және Нұра арлығындағы су бөлегі. Атау «шағын теректі тоғайы» деген мағынаны білдіреді.

Термен – Пролетарский ауылының учаскесі. Қазіргі башқұрт тілінде *терме* сөзі «киіз үй» мәнінде айтылады.

Тоғызқұдық – Кузнецк ауылының орталығы. Атау «көп құдығы бар жер» деген мағынаны білдіреді.

Токаревка – село. Іргесін 1907 жылы Харьков губерниясынан келген қоныс аударушылар қалаған. Қоныс аударушылар ішінде Тамбов облысының Токаревка селосының шаруалары болған. Село атуы да, солардың туған жері ескерткіш ретінде қойылған.

Төрткөл – елді мекен, Бабаев атындағы ауылдың бөлімшесі. Атау өзінің тура мағынасында.

Ұзынбұлақ – Пушкин атындағы ауылдың учаскесі. Атау өзінің тура мағынасында.

Үлгі – село, Бабаев атындағы ауылдың екінші бөлімшесінің орталығы. Бұрынғы «Пример» колхозының аты.

Үміткер – Бабаев атындағы ауылдың орталық мекені. Бұрынғы «Надежда» колхозының аты.

Үштау – ауыл. Атау өзінің тура мағынасында.

Үштөбе – село, Энгельс атындағы ауылдың орталық мекені. *Үш* сөзінің санмен байланысы жоқ. Көне түр. *үш+төбе* сөздерінен қалыптасқан – «сұлутөбе» мәніндегі атау.

Шақпақ – Саратов селосының қазақша аты. Атау «шақпақты жер, шақпақ – тас» деген мағынаны білдіреді.

Шалқаркөл – көл. Атау «алып жатқан аумағы үлкен көл» деген мағынаны білдіреді.

Шаңбас – Бабаев атындағы ауылдың учаскесі. Атау «төбенің үсті шаң» деген мағынаны білдіреді.

Шат – село, Бабаев атындағы ауылдың бөлімшесі. Атау тау қойнауларындағы терең әрі ені тар сай деген мағынаны білдіреді.

Шешенқара – шоқы. «Пролетарский» ауылының жаныда биік, алыстан көрінетін Шешенқара шоқысы бар. Өзінің шешендік өнерімен атығы шыққан дана, осы шоқының етегінде тұрған деп әңгімелейді. Кісілер оған кеңес алуға келгенде, ол шоқының ең үстіне мініп кеңес берген. Оның қатты дауысы бірнеше шақырым жерге естіліп тұрған.

Шидерадыр – Буденый атындағы ауылдың учаскесі. Атау «балшықты тау жыныстары» деген мағынаны білдіреді.

Шилі – елді мекен. «Чия қопасы бар жерде» орналасқан. Ор. «Чайлы, Шайлы, Шийлы» және т.б.

Шоқай – ауыл. Шоқай ауылы қоныс аударушылар учаскесі Шоқайқалды өзенінің жағасында орналасқан. Шоқай – «жеңіл етік» және қалды сөздерінен қалыптасқан атау.

Шолаққарасу – Миньковка селосының қазақша аты. Жер астындағы сулардан нгізгі көрек алатын, құрғап қалатын өзен мағынасындағы атау.

Шөптікөл – Молодецк селосының қазақша аты. Қаз. *шөп* және *көл* сөздерінен қалыптасқан атау.

Ынтымақ – Амангелді атындағы ауылдың бөлімшесі. Атау «келісім, достық» деген мағынаны білдіреді.

Жаңаарқа ауданы

Айтағы – тау, биік 499,9 м. Қарағанды обл., Жаңаарқа ауданында. Е.Қойшыбаев бұл атаудың шығу жайын: «Көне түрінде *ай* этнонимі *тағ* («тау») терминін жалғау арқылы жасалған атау. Этим. «Ай тауы», – деп түсіндірген (Қойшыбаев, 1985, 29). Біз бұл пікірге қосылмаймыз. Ерте заманда, түркі халықтары шаман дінін ұстаған кезде Ай сұлулықтың, көркемділік пен әдеміліктің символы боғлан және Айға табынған, «әулие», «пір» тұтқан. Сондықтан да балаларға: Айтолды, Айтуды, Айкүміс, Алтынай деген есімдер қойып отырған. Әлі күнге дейін ел арасында: «Ай көрдім, аман көрдім, ескі айда есірке, жаңа айда жарылқа», – деп, жаңа туған айға қарап сыйыну дәстүрі қалған жоқ.

Демек, «*Айтағы*» атауы «қасиетті тау», «сұлу тау» деген мағынаны білдіреді. Атаудың екінші құрамындағы *тағ // тағы* – қазіргі тіліміздегі «тау» сөзінің көне тұлғасы, сөз соңындағы *ы* – тәуелдік жалғау қосымшасы.

Айшырақ – Орталық Қазақстанның Атасу өзені бойындағы мекен аты (ежелгі ғимараттар орны). Онда қола дәуірінен қалған түрлі бұйымдар, көбіне ай тәріздес қола шырақтар табылып келген. Сол үшін де ол *Айшырақ* атанған.

Ақтүбек – Жаңаарқа ауданындағы елді мекен аты. Балқаш және Қорғалжын көлдеріндегі түбек аттары, әрі балықшылар мекен аты. «Ақотты түбек» мәніндегі атау.

Ақшағат – Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданындағы село. Атаудың бірінші сыңарындағы «*ақ*» сөзі тура мағынасында «аппақ, шаңқай, таза» деген мағынаны білдірсе, «*шағат*» сыңары «шақат» сөзінің дыбыстық тұрғыдан сәл өзгеріске түскен нұсқасы – «ащы соры шығып жататын, өсімдік нашар өсетін жер». Демек, «Ақшағат» – «аппақ боп шаңқиып, соры шығып жататын жер» деген мағынадағы атау.

Ақши – айрық. «Ақотты, шилі» жер мәніндегі атау.

Ақшоқы – төбе аты. Шоқы бастарының ағарып көрінуімен байланысты атау.

Алашбай – Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданында Алашбай атты өзен бар. Бұл қазақтың алаша руының атына байланысты қойылса керек. Халық аңызында Алаша ханның Үйсін, Арғын, Алшын деген балалары қазақтың үш Жүзін құрғаны айтылады.

Алтуайт – тау, биік. 560,1 м. Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданында. Е.Қойшыбаев бұл атауды көне түркі тіліндегі ал-ту-ай [*m*] элементтерінен құралған “алтай айлары” этнотопонимі мәнінде екенін жазады (1985, 46). Ал жергілікті халық аңызы бойынша, Ақтоғай ауданы жеріндегі биік құз, терең аңғарлы осы таудың озық бір сайында Алтыуайт деген батырды жаулар өлтіріп, тау сол батырдың атымен аталған көрінеді (Эксп. мат. 1982 ж. ақпар беруші Ахметов Қабыл, 81 жаста).

Біздің бақауымызша, халық аңызы материалы шындыққа жанасымды әрі анық, нақты сияқты.

Алшағыр – Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданындағы сай. Ол әйгілі «Қобыланды батыр» эпосындағы қалмақ ханы Алшағыр есімімен бірдей аттас.

Атасу – өзен, жұмысшы кенті, ауыл, аудан орталығы. Жаңаарқа ауд., Қарағанды обл. Атасу өзенінің ұзындығы 184 км, алкабы 5715 км².

Әуел баста осы атау өзенге, кейіннен сол жерде пайда болған ауыл, жұмысшы кенттеріне қойылған болу керек. Мағынасы, өзі айтып тұрғандай, «басты, негізгі, үлкен өзен» дегенді білдіреді.

Балта – Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданында, Талдыманақа өзенінің батысында құрғап қалатын Балта деген өзен бар. Бұл өзеннің аты қазақ халқының құрамындағы балта, балталы руларының атымен байланысты болу керек.

Бестамақ – село, Қарағанды обл., Жаңаарқа, Шет ауданында. Осы атаудың құрамындағы «*тамақ*» сөзі арқылы жасалған географиялық атаулар басқа түркі тілдерінде де кездеседі. Түркі тілдеріндегі «*тамақ*» сөзінің топонимдік термин ретінде мағынасы – «өзен сағасы, сай аңғары, кішігірім сайлар» (Мурзаев, 1984, 542). Бұған қарағанда, «Бестамақ» топонимінің «кішігірім бес сай, бес аңғар» деген мағынаны білдіретінін көреміз.

Білеуті – өзен, тау, биік. 196,8 м. Жаңаарқа ауд., Қарағанды обл. Атаудың бірінші сыңарындағы «*біле*» сөзі Таулы Алтай тілінде кездесіп, *Беле//Бея//Бэлэ//Пея* тұлғалы топонимдерді жасауға негіз болған. О.Т.Молчанованың айтуынша: *беле* – «шетен». Бұған қарағанда, «Білеуті» атауының құрамындағы «*білеу*» сыңары сол сөздің қазақша өзгеріп айтылған түрі болса, *-ті* қосымшасы жалғану арқылы «шетенді, шетені қалың, көп өскен» (тау) деген мағыналы атау екендігін аңғартады.

Жаңаарқа – дала аты (Арқаның бір бөлігі), аудан аты.

Жәйрем – жұмысшы кенті (поселкесі) Жаңаарқа ауд. Қарағанды обл.-да. А.Сейдімбековтың айтуынша, бұл жерде раң шөп қалың, бітік өседі екен де, қой жайылымына бірден-бір қолайлы болған екен. Содан қойды «*раңға жай*», «*жай раңға*» деген сөздер әдетке айналыпты. Сол «*жай раңға*» «*жайраңға*» боп айтыла келе, жергілікті жерде «*Жайраң*» деген жер атына айналып кетіпті. «Жайраң» атауын орыс тілінде «Жайрам», кейіннен «Жайрем» деп бұрмалап, содан қазақша да «Жәйрем» деп жазылуы қалыптасып кете барады. Бұны халықтық этимология деп әсте айтуға болмайтын сияқты. Атаудың қолдану аясы мен қызметіне қарай қалыптасқаны анық көрінеді.

Жомарт – Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданында Жомарт деген көл бар. Ол белгілі ру атымен аталған. Жомарт – Ұлы жүз Жалайырдың Андасынан тарайды.

Жұманай – Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданындағы өзен аты. Жұман деген кісі аты, ол араб тілінде «қымбат», «асыл зат» дегенді білдіреді.

Кенжебай (Кенжебайсай) – өзен. Жаңаарқа ауд. Қарағанды обл. Оның ұзындығы 76 шақырым. Басын Шұбароба аталатын таудың оңтүстігіндегі бұлақтар алып, Бескөл қыстауына үш шақырымдай жетпей тартылып қалады. Кенжебай ру атымен аталған ба, жоқ кісі есіміне байланысты аталған ба, оны дәл басып айту қиын.

Қазақ шежіресі бойынша Кіші Жүз Жетіру бірлестігіндегі Тама руының бір атасы – Есенгелдіден Атамшал, Қызылқұрт, Кенжебай, Дәулеткелді ұрпақтары тарайды. Олар Жамбыл облысының Сарысу бойын мекендеген. Аты аталған өзенге жоғарыдағы ру атының берілуі әбден мүмкін

Көптамасай – Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданындағы Көптамасай өзенінің атауы Кіші жүз Жетіру бірлестігіндегі Тама руының атымен байланысты болу керек. Көптамасай атуындағы алғашқы *көп* бөлшегі анықтауыштық қызмет атқарса, соңғы – *сай* бөлшегі географиялық термин болып табылады.

Қазықұрт – Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданында Қазықұрт деген өзен ағады. Қазықұрт – Оңтүстік Қазақстандағы көне замандардан әйгілі тау атауы. Қазықұрт – көн түркілердің тайпа аттарымен байланысты қос этнонимнен құралған атау. Этим.: *қаз* және *құрт* этнонимдерінің қосарланған түрі. *Қаз* және *құрт* түркілері б. з. VII–VIII ғасырларда өмір сүрген тайпалар.

Қу – тау, биік. 780,8 м. Жаңаарқа ауд. Қарағанды обл. Е.Қойшыбаев «қу» түркі этнонимі десе, Э.Мурзаев «қу» сзi мари, манси тілдерінде «тас», «тасты» ұғымын білдіреді дейді (Мурзаев, 1984, 307).

Шалқия поселкесінің солтүстігінде екі шоқы Мұңлы, Қулы аталады. Ел аузында Мұңлы деген қызды, Қулы деген жігіттің бір-біріне ғашық болып, қосыла алмағаны жөнінде аңыз бар.

Таудың Қу аталу себебі «бұталы өсімдігі мен шалғын шөбі жұтаң, сұйық өсетін және ерте қурап кететін қуаң қыр, тау» болумен байланысты сияқты.

Құртқа – Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданында Құртқа өзені әйгілі «Қобыланды батыр» эпосындағы қалмақ ханы Алшағыр мен Қобыландының жұбайы, Қызылбас елінің ханы – Көктемнің қызы – Құртқа есімімен бірдей аттас. Құртқа сөзі ертедегі түркі тілдерінде «кәрі кемпір», «әже» деген ұғым берген.

Қырыққұдық – бұлақ. «Қалың құдық» мәніндегі атау.

Қылыш – Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданында Қылыш дейтін бөген бар. Шежіре бойынша, қазақтың Кіші жүз Байұлы құрамындағы Шеркеш тайпасына кіретін сегіз рудың бірі Қылыш деп аталады. Бөгеннің аты осы этнониммен қойылған деп есептейді.

Мойынты – өзен, қала типіндегі поселке, темір жол стансасы, дөң, Жаңаарқа ауд. Қарағанды обл. Ғ.Қонқашбаев атауды өзенмен байланыстырып, «жіңішке, мойынға ұқсас» десе, Е.Қойшыбаев: «Көне түркі тілінде моин *«мойын»* + *ту* сөздерінен қалыптасып, айтыла келе, қазақ тілінің артикуляциялық базасына сай, еріндік *ұ* дыбысы езулік *«ы»* түрін қабылдаған. «Мойын тау» мағынасындағы атау», – деп пайымдайды.

«Мойынты» атауы, «мойнақты, тік асулы тау немесе өзен арнасының жіңішкерген жері, иіні» деген мәнге ие екені байқалады.

Надырсор – Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданындағы көлдің аты. *Нәдір* – арабтың «сирек, қалаулы» деген мағына беретін сөзі, кісі есімінде қолданылады.

Толағай – тау, биік. 550,4 м. Жаңаарқа ауд. Қарағанды обл. Құрамында «толағай» (*тологой/толгай/толгой*) сөзі бар топонимдер монғол, бурят тілдерінде де кездеседі. Мәселен, Баян-Толгой, Лам-Тологой, Бурят республикасында Чулун-Толгой, Ундэр-Толгой тау аттары бар. Монғол тілінде *толгой* – «бас» мағынасын білдірсе, топоним ретінде «төбе, шоқы» дегенді білдіреді. Ғ.Қонқашбаев тіліміздегі «толағай» сөзін монғол тілінен енген «шоқы, жеке тұрған биік тау», – деп білген.

А.Әбдірахманов бұл пікірді мақұлдаса, Е.Қойшыбаев: «Толағай – «түркі тілд. толу, қаз. арх. толы – ғай – прогрессивті ассимиляция түріндегі сөз», – дегенді айтады. Демек, «Толағай» – «шоқы, жеке тұрған биік тау» деген мағынаны білдіреді.

Ұшпа – тау, Жаңаарқа, Ұлытау ауд-да, Қарағанды обл. Бұл атау *ұш* (түбір етістік) + *па* (етістіктің зат есім тудыратын жұрнағы) тұлғаларының бірігуінен жасалған. Г.Сағидолдагийннің атауды талдай келіп: «*Ұш* – «биікке көтерілу, самғау», түрк. *уч* – «шын», қарақалп. *уша* – «қызар, шын», алт. *учар* – «өзен жағасындағы өте биік тау», «*ұшар/учар*» сөзі – (туынды етістік) – «биікке көтерілу, ұшу, самғау» + ар (көсемшенің жұрнағы) тұлғаларынан жасалған», – деген түйіні нанымды шыққан.

Демек, Ұшпа атауының мағынасы «биік, асқақ тау» дегенді білдіргендей.

Қарқаралы ауданы

Абай атындағы ауыл – 1954 жылы Қазақстанның 30 жылдығы атын. колхозының негізінде ұйымдастырылған. Орталық мекені – Айнабұлақ селосы. Қазақ ақыны, қазақтың жаңа жазба әдебиетінің негізін қалаушы, классик Абай Құнанбаевтың құрметіне аталған.

Абас – Қарқаралы тауының оңтүстік-батыс аймағындағы өзен аты. Көне түр. *аба* + *ас* тұлғаларынан құралған: «ата өзен» мағынасындағы атау.

Айғал – тау тармағының немесе Қарқаралы тауының кіші-гірім бір тармағының аты.

Айғыржал – таулар. «Таудың жалында айғыр өсімдігі өскен» мағынасындағы атау.

Айнабұлақ – село. Абай атындағы ауылының орталығы. «Айна» және «бұлақ» – өзен сөздерінен шыққан, яғни «мөлдір, таза өзен» дегенді білдіреді.

Айрық – ауыл. *Айрық* сөзі «екі айыр, тарау» және «асу бел» аттары болумен бірге «екі өзен-судын» немесе «екі сайдың түйіскен жерлерін» нұсайтын атау. Түркологиялық деректерде *айрық* сөзін «арықпен» байланыстырады.

Айыртас – таулар. Айыр – «қос ашалы», «қос тармақты» мағынасында. Түр. *айыр* және *тас* тұлғаларынан қалыптасқан атау.

Ақбастау – өзен. Этим.: 1) «Ақбас» (руының) тауы; 2) «тұнық бастау» мөндес атаулар.

Ақбұлақ – бұлақ. Көне түр. ақ («ағын») + бұлақ сөздерінен құралған «ағынды бұлақ» мөндес атау.

Ақжал – таулар. Ақжал – «бозарыңқы, ағарып көрінетін жал» немесе отты жал мөндес атау.

Ақтасты – ауыл. Ақтасты атауы өзінің тіке мағынасында. *Ақ* + *тас* + *ты* компоненттерінен құралған атау.

Ақшоқы – көптеген таулар мен шоқылардың аты. Шоқы бастарының ағарып көрінуімен байланысты атау.

Арқалық – таулар, ауыл аттары. Түркі тілдерінің қыпшақ топтары тілінде «арқа» сөзі өзінің негізгі мағынасымен бірге «терістік жақ, арт жақ» деген ұғым береді. Тарихи тұрғыдан *Арқалық* атауын екі жақты түсінуге болады: 1) «терістік (жақ)»; 2) түбірге этникалық текті білдіретін *-лық* қосымшасы жалғанған атау.

Арқарлы – таулар. Арқар – қой тұқымдас аша тұяқты жануар. *Арқар* сөзіне *-лы* қосымшасы жалғанған атау. Демек, атау «арқарлар мекен ететін жер» деген ұғымды білдіреді.

Ащыөзек – аңғар. Ащы + өзек компоненттерінен құралған атау. Демек, атау «ащы, кішкентай жыра» деген ұғымды білдіреді.

Аяқтауайт – тау, биік 692,4 м. (Бастуайт тауының сілемі) Қарқаралы ауд., Қарағанды обл. Бұл тауды «аяқ-ту-айт» (*m*) тұлғасындағы этнотопоним» деп түсіндіру бар (Қойшыбаев, 1985, 56). Атаудың бірінші сыңарындағы «аяқ» сөзі «төменгі жақтағы» деген топонимдік мағынаға ие деп қарасақ, оның «туайт» сыңарын Таулы Алтай, Шығыс түркі тілдеріндегі «табат» топонимінің параллелі, ол негізінен монғолдың *давтай* (<*dobutai*) – «жоталы, төбелі, қыр, қыратты» сөзінің дыбыстық тұлғадағы өзгерген түрі деп қарауға болады. Демек, атаудың «туайт» сыңары монғолдың *dobutai* сөзінің дыбыстық тұлғадағы өзгерген түрі деп білеміз. Олай болса, «*Аяқтауайт*» – «төменгі жақтағы төбелер мен жота, қырлар» деген мәнге ие деп жорамалдаймыз.

Әулиетас – бұлақ. Әулиетас атауы өзінің тіке мағынасында. *Әулие* + *тас* компоненттерінен құралған атау.

Бақты – елді мекендердің аты және таудың аты. Қаз. «бағы бар жер» немесе көне түр. «бақтау» мағынасындағы атау.

Баладересін – село, Қарқаралы ауд., Қарағанды обл. Топоним құрамындағы «бала» сөзі «кіші», «кішкентай» деген мағына ие. Ал екінші құрамындағы «дересін» сөзінің түбірі *дере* (варианты – дара) түрік, тәжік тілдерінде «сай, жар, тау қыспағы, тау өзені» деген мағынаны білдірсе, қырғыз тіліндегі *дере* (иран тілінен енген) – «тау қыспағы, қылтасы», «сай», «жыра»; қырым татарларында *дере* – «жыра», «тар соқпақ»; лак, лезгинде – «сай», «жыра»; ауғанда *дара* – «сай», «өзек»; парсыда *дере* «сай», «өзек»; деген мән-мағыналарға

ие (Мурзаев, 1984, 171). Олай болса, «*Баладересін*» атауының «кішкене сай, жыра, қыспақ» деген мағынаға ие екенін көреміз.

Балатүндік – өзен, Түндік өзенінің сол саласы. «Түндік өзенінің басы» мәніндегі атау.

Балықтыкөл – Қарқаралы ауданындағы Егіндібұлақ селосының оңтүстігінде Балықтыкөл атты әжептәуір ірі көл бар, ұзындығы – 6,8 км., ені – 6 км. Бұрын бұл көл балыққа өте бай болып, онда балық аулау кәсібі өркендеген.

Берікқара – тау, Қарқаралы ауданының оңтүстігіндегі Қызылтас тауының солтүстік сілемі. *Берік* + *қара* түріндегі біріккен тұлғалы атау. Демек, атау «қол жетпейтін биік» деген ұғымды білдіреді.

Бесоба – ауыл. Бесоба атауы өзінің тіке мағынасында. *Бес* + *оба* компоненттерінен құралған атау.

Бестамақ – өңір. Бестамақ атауы өзінің тіке мағынасында. *Бес* + *тамақ* компоненттерінен құралған атау.

Бозшакөл – Қу тауының оңтүстігіндегі көл атауы. *Боз* – түркі тілдерінде «ақшыл», «сұр», «ақ», «қалың» мағынасын білдіреді. Ал топонимдерде *боз* - «күзге дейін мал түспеген жер», «тын» ұғымында да қолданылады.

Босаға – тау. Босаға атауы өзінің тіке мағынасында.

Бұғылы – тау, Қарқаралы тауының солтүстік сілемі. Атау «Бұғы-маралдардың мекен ететін жері» деген ұғымды білдіреді.

Бірұйық – теміржол стансасы, Қарқаралы ауд., Қарағанды обл. Атаудың екінші сыңарындағы «*ұйық*» сөзі «жерұйық» сөзімен тіркесе келіп, «жер жанаты, қасиетті жер» мағынасын білдіреді. Соған қарағанда, Бірұйық – «қасиетті, киелі жер» деген мағынада қойылғаны байқалады. Өйткені көне түркі тілінде «*йық*», «*ыдық*», «*ызық*» – «қасиетті», «күдіретті» деген. «Бірұйық» – «өзі бір тұрған қасиетті, күдіретті киелі жер» деген мағынаға толық сай келеді.

Доғалаң – Қарағанды облысының Қарқаралы ауданындағы жер аты. Бұл *доға* сөзіне (зат есімге) –*лаң* жұрнағы қосылып жасалған, осы жердің доғаға ұқсап жатқанын көрсетеді.

Дара – мекен аты. *Тұр. монғ.-ыр. дара* – «шат, тау аралығы, терең сай» мағынасындағы атау тұлғалы топоним.

Егізқызыл – тау. *Егізқызыл* топонимін «Биік қызыл» деп түсінуге әбден болар еді, бірақ олай кесіп айтудың қиындық жағы да бар. Өйткені *қызыл* сөзінің түркі атауларында түстен өзге де трлі мағналы фонетикалық вариациялары көп: *көзәл* («әсем, сұлу»), *қысыл* («тар») т.б.

Егіндібұлақ – село. Егіндібұлақ атауын екі жақты түсінуге болады: 1) «бұлақтың басы»; 2) Көне түр. тілдерінің *егін*<*игін*<*иін* түрлеріндегі байырғы түбіріне –*ді* қосымшасын жалғау арқылы қалыптасқан, қазіргі қазақ тілінде «иінді, иірімді, иілмелі» тұлғасындағы сындық атау.

Едірей – тау. Қаз. тілінің едірею етістігімен бәлендей байланысы жоқ атау. *Этим.*: көне түр. *еді* («жеті») және *әрей* («арай») сөздерінен қалыптасқан атау.

Есенбай асуы – Тау қойнауына барар жолдағы Едірей ауылының шыға берісінде Есенбай асуы бар. Осы жерде Есенбай деген әулие кісі өмір сүрген. Атау да соған байланысты қойылғанға ұқсайды.

Жақсы Абралы – тау. *Жақсы* сөзі топообъектінің анықтауыш сыңары есебінде екі түрлі қызмет атқарады: 1) қатар объектілердің бірінен-бірінің биіктігін ажыратады; 2) қатар объектілердің бірінен-бірінің табиғи артықшылығын ажыратады.

Жалпақ-қарағай – өңір. Жалпақ-қарағай атауы өзінің тіке мағынасында. *Жалпақ* + *қарағай* компоненттерінен құралған атау.

Жалғызқарағай – өңір. Жалғызқарағай атауы өзінің тіке мағынасында. *Жалғыз* + *қарағай* компоненттерінен құралған атау.

Жамантау – тау аты. Қаз. «мүжілген тау, тоқал тау, жатаған тау» мағынасындағы атау. *Жаман* сөзінің түпкі лексикалық ұғымы (түр.-монғ.) *йаман* болуға тиіс («жатаған, пәкене» мағыналарында).

Жарлы – өзен. «Жарлы өзен» деген мағынасындағы атау.

Желтау – тау. Желтау атауы өзінің тіке мағынасында. *Жел* + *тау* компоненттерінен құралған атау.

Жосалы – су, шоқы аттары. Атау «жосасы көп жер» деген мағынаны білдіреді.

Жуантөбе – таулар. *Жуантөбе* атауының шыққан төркіні «жуылған» (су орған, су қаптаған) етістігіне «төбе» (*zat*) атау тұлғасы қосу негізінде қалыптасқан топоним.

Кент – таулар. «Кент» деген сөз ирандылықтардан шыққан Түп төркіні қала дегенді білдіреді. Кент атауы біздің дәуірімізге дейінгі X – V ғасырларда берілген болуы керек. Өйткені сол кезде осы маңда халық өте тығыз қоныстанған екі шарышы километрге жуық аймақта әзірге жүзге жуық құрылыс орны табылды. Оның ішінде табыну орны да, құрбандық орны да бар. Былайша айтқанда, мұнда Кент қаласы болған.

Кентөбе – темір кен орны. Атау «кен табылған төбе» деген мағынаны білдіреді.

Көктал – өзен. Көне атауларының бірі. Тал және көк сөздерінің біріне-бірі қарама-қарса тіркестері қатасты мағынадағы «бел-белестер» ұғымын береді.

Көктөбе – таулар. Бұл арада «көк» сөзі «заңғар биік» немесе тіпті «асапан» мәніне сай келеді.

Көкөзек – Егіндібұлақ селосындағы ағынсыз көл. Ол көл жағасының көрінісіне байланысты аталған. *Көк* сөзі көптеген түркі тілдеріне ортақ, кейде топонимдер құрамында «шөртi», «шөп» мағынасын да береді.

Көкшетау – таулар. Түр. өсімдік аты. *Көкшенің* қалың жері. Немесе бұл сөздің мәнін, екі түрлі концепциядан қарауға болады: 1) «көкшелі тау»; 2) қазақтың осы тауды жайлаған (не қыстаған) ескі ру тобының («Көкшенің») атымен байланысты.

Комсомол шыңы – Бұл шыңның ертедегі аты «*Жиренсақал*». Бабалардың айтуынша бұл шыңды жер астының байлығының иесі Жиренсақал әулие тұрақ еткен. Қожайын мезгіл-мезгіл қазыналарын түгендеп, қайта жасырып отырған. Сол кезде таудан гүл, құлаған тастардың жаңғырығы естілетін болған...

Аңыз осындай. Кейбіреулер үш тас деп атаған. Бұл атау бекімеді. Өйткені бір тұсынан қараса *үш тас* көрінеді, басқа жақтан қарасаң екеуі ғана көрініп, олар үшіншісін тасалап тұрады. Кейін оны *Қосшоқы* деп атаған. Қосшоқы деген ұғым шыңның екі шоқысы бар дегенді аңғартады. Төртінші «*Қабан шоқысы*» деген атау бұл жерде тағы шошқалардың жайлағанын бекітеді. Оған таяу жерлерде «Қабан үнгірі», «Қабан өзені» атауларының болуы да тегн емес.

Бұл шыңның соңғы бесінші атауы 1936 жылы орнықты. Қарқаралының жүзге тарта жас жігіттері мен қыздары ең биік шыңға шыққаннан кейін, оны жаңадан комсомол құрметіне «*Комсомол шыңы*» деп ат қойған.

Қазыбек би ауылы – Бұрынғы Егіндібұлақ ауданы, 1992 жылы Егіндібұлақ аудандық кеңестің шешімімен ауданға Қаз дауысты Қазыбек Келдібекұлының есімі берілді. 1997 жылдан бастап Қарқаралы ауданына қарасты Қазыбек би ауылы болып қалды. Қазыбек Келдібекұлы – қазақ ханы Тәукенің кеңесшісі, Орта жүздің бас биі, шешен.

Қабан шат – орманы алқап. Қарқаралы тауларының оңтүстік жағында мол сулы Кеңгір өзені ағады. Оның жылдам ағысы «Қабан шат» деп аталатын орманды алқап арқылы өтеді. Бір кезде бұл арада қабандар мекендеген. Оның бастау алатын жері – қазіргі Комсомол шыңы.

Қарабастау – таулар. «Адам мен мал шоғырланған жер» немесе *Қарабас* этнонимімен байланысты: «Қарабастардың тау» мәніндегі атау.

Қарабұлақ – село. Қарабұлақ атауындағы *қара* сөзі судың түсіне қатысты емес. Қарабұлақ ұғымы ежелден-ақ «мөлдір бұлақ», «сусын» мәнін берген. *Қарабұлақ* – үлкен өзен емес, жер астынан, сай-жыралардан шығып жатқан қайнар суы. Бұл атаудағы *қара* сөзін байырғы түркі тілдес халықтар «жер» мәнінде қолданған. Сондағы мағынасы, біздің ұғып келгенімізден өзгешерек «жер бұлағы» (грунт) деген ұғымда.

Қарағайлы – тау, қтп, өңір аты. *Қаз. қарагай* тұлғасыны сын есімдік *-лы* жұрнағын жалғау арқылы жасалған атау.

Қаражал – таулар. «Биік (таулы) жал» мағынасындағы атау.

Қарасу – өзен. *Қарасу* – үлкен өзен емес, жер астынан, сай-жыралардан шығып жатқан қайнар суы. Бұл атаудағы *қара* сөзін байырғы түркі тілдес халықтар «жер» мәнінде

қолданған. Сондағы мағынасы, біздің ұғып келгенімізден өзгешерек «жер суы» (грунт) деген ұғымда.

Қаратау – таулар. Ауыл аттары. Бұл атаудағы қара сөзі түспен байланысты, өйткені Қаратауларда өзге ұлы таулардағыдай жаз бойы қар жатпайды.

Қарқаралы – Сарыарқаның шығысындағы ең биік жері 1566 м., ұзындығы 35-40 км., ені 20-25 км., аласа тау жоталары. Түсті металл кендері бар тау. Қарағайлы атты кен орны жұмыс істейді. Тауда қарағай өсіп, етек жағы орманды келеді. Е.Қойшыбаев: «Көне түр. *қарқара* (қар.) тұлғасына қаз. – *лы* қосымшасы жалғанған атау», деген түсінік берген. Атау туралы толығырақ талдауды А.Әбдірахманов еңбегінен көреміз. Оның пікірінше: «Атаудың құс атынан қойылу мүмкіндігі басым. Сонда *қарқара* (құс) + *лы* (туынды сын есім жұрнағы) > *Қарқаралы* жолымен жасалуы әбден орынды». Халық аңыздары мен көптеген ғылыми пікірлерді басшылыққа ала отырып, А.Жартыбаев атаудың мағынасын: «*қар* + *қара* + *лы* – «биік таулар мен қырат, жота, шындары бар жер» дегенді білдіреді», – деп жазды. Э.М.Мурзаев «*қар*» сөзінің жер жүзі тілдерінің көбінде кездесіп, «жар тас, тау, жота, қыр» мағыналарында айтылатынын көрсетеді. В.М.Иллич-Свитыч атаудың екінші құрамындағы «*қара*» сөзі туралы: «араб. *dara* – «жеке тұрған жартас, құз; «жота, шоқы, төбе», монғ. *xar, xara* – “жал”, “қыр”, “жота” деген мәндегі сөз», – деген дерек келтіреді. Бұдан бұрын Ғ.Қонқашбаев «*қара*» сөзінің, күрделі жер-су аттарының соңында келгенде, шоқы немесе төбеге ұқсас биіктікті, мәселен, Аманқара, Берікқара, т.б. білдіретінін айтқан-ды». Демек, «*қарқаралы*» атауы көне заманнан келе жатқан «*қарқара*» тауымен түбірлес те мәндес, мағына жағынан бір-біріне шендес деп білеміз. Атаудың топонимдік мағынасы: «қыр, қыратты, таулы, тасты жер».

Қазақ халық ауыз әдебиетінде біздің халқымыздың ежелден мекен еткен жер-суларының атаулары молынан ұшырасады. Жоғарыдағы *Қарқаралы* атауының қойылуын Қозы Көрпеш-Баян сұлу жырындағы Баянсұлудың сәлемдемеге берген бас киімінің жолай түсіп қалуымен байланыстыра отырып: «Қыздың берген қарқарасы түсіп қалып, «*Қарқаралы*» тау атын қоя сапты», – деп қиыстырады. Жоғарыда келтірілген мысалдардан құс деген ұғымның басым екенін көреміз. Сондықтан да *қарқара* құстың аты, оған туынды сын есімнің –*лы* жұрнағы жалғауы арқылы ол Қарқара құсы көп мекендейтін тау деген ұғым береді.

Қарағанды облысындағы тау, өзен, қола дәуіріндегі елді мекен орны, сондай-ақ қазіргі кездегі осы облыстағы қала, аудан және оның орталығының атаулары.

Қоңыртемірші – таулар. Қоңыртемірші атауы өзінің тіке мағынасында. *Қоңыр* + *темірші* компоненттерінен құралған атау.

Қоңыртөбе – таулар. Атау «қоңыр өсімдігі қалың төбе» деген мағынаны білдіреді.

Қоңыржал – тау. Атау «қоңыр өсімдігі қалың таулы жал» деген мағынаны білдіреді.

Қоянды – тау, өңір, ауыл аттары. Атау өзінің тіке мағынасында. Қаз. «қояны мол жер» деген мағынаны білдіреді.

Қу – таулар. Түр. этнотопонимі.

Күрөзек – өзен. Атау «күрғақ өзек» деген мағынаны білдіреді.

Күйгенқыстау – өңір. Күйгенқыстау атауы өзінің тіке мағынасында. *Күйген* + *қысақ* компоненттерінен құралған атау.

Қызылсу – өзен. «Қардың суы (саяз су)» мәніндегі атау.

Қызылтас – тау. Атау өзінің тіке мағынасында. *Қызыл* + *тас* компоненттерінен құралған атау.

Қызылшоқы – өңір. Атау өзінің тіке мағынасында. *Қызыл* + *шоқы* компоненттерінен құралған атау.

Қызыл-Шілік – өңір. *Қызыл* + *шілік* – көне түр. *шіл* сөзінен – «жел» + *ік* жұрнағы қосылған. Атау «желді» деген мағынаны білдіреді.

Қырғызия – ауыл. Алғашқы аты Бүркітті. Қырғызиядан 1954 жылы келген бірінші тың игерушілер құрған ауыл.

Мәди атандағы ауыл – Қазақтың халық композиторы, әнші, ақын Мәди Бәпиұлының (1880-1912) құрметіне аталған. Ол жасынан өлең, жырға, домбыраға құмар болады. Мәди ел арасында әнші, ақын, серілігімен белгілі болды. Оның бүкіл өмірі әділетсіздікке қарсы күреспен өтті. Сол кездегі үстем тап өкілдерінің «Ұры» деген жаласымен Атбасар, Қарқаралы, Семей, Омбы түрмелерінде болады. Түрмеде елін, жерін сағынып әділетсіз заманға қатты налыған. Бұрынғы «Айрық» шаруашылығы 1990 жылдың 9 мамырында Мәди Бәпиұлының есімі берілді.

Мыржық – тау жотасы. Қаз. этникалық топ атауы. Антропоним түрінде де таралған атау.

Мырзашоқы – тау. Атау «мырзалардың шоқысы» деген мағынада.

Найза – тау, Қарқаралының шығыс сілемдерінің бірі. Сырт сипатына қарай қойылған атау.

Найзашоқы – өңір. Атау «найзалы шоқы» деген мағынаны білдіреді.

Нұрмақов атындағы ауыл – Бұрынғы «Қаратау» совхозы. Қоғам және мемлекет қайраткері, жазықсыз айыпталып, атылған Нығымет Нұрмақовтың (1895-1937) құрметіне аталған.

Пашенное – көл. Бұл көлдің ертедегі қазақша аты – Кішкене көл болыпты. Бірақ, ол ұмытылған. Көл сонау бір кезде Крешке көлі деп те аталыпты. Өйткені көлдің жағасында православье дініндегі адамдар ағаштан крест белгісін қойған екен. Ал онда кімнің жерленгенін ешкім де білмейді. Көлдің Гришке көл деген де аты болған. Осында көшіп келіп, қоныс тепкеннен кейін, Қарқаралының қазақ-орыстары бұл жерді егістік алқап ретінде тандап алған екен. Бірақ, егін шықпай қойған соң олардың көпшілігі жайына кетіпті. Тек Григорий есімді біреу ғана мол қайсарлықпен біраз жыл әуре болып, ақырында бұл маңайға егін шықпайтынына оның да көзі жетіпті. Ал соқа тістерінің ізі ұзақ сақталып, жергілікті тұрғындарға айқын белгі болып қалған. Сөйтіп, иесіз алған егістік жер бірте-бірте «Пашенное» деген көлдің атына айналса керек.

Сарышоқы – өңір. Атау «кең шоқы» деген мағынаны білдіреді.

Саумалкөл – Қарқаралы ауданындағы Егіндібұлақ селосының солтүстігінде Саумалкөл деген көл орналасқан. Ұзындығы – 3,6 км., ені – 2,7 км. Көлдің жағалауы саумалдық, сүттіген, қымыздықтарға толы болады. Көлдің атауы онда өсетін өсімдігіне, саумалдыққа байланысты қойылған.

Семізбұғы – тау. Атау «семіз бұғы» немесе «шөптің түрі» деген мағынада.

Сиректас – таулар. Атау өзінің тіке мағынасында. *Сирек* + *тас* компоненттерінен құралған атау.

Суықбұлақ – өзен. Атау өзінің тіке мағынасында. *Суық* + *бұлақ* компоненттерінен құралған атау.

Талды – өзен, елді мекен аты. *Тал* иран. немесе санскрит тілінде «доң, шоқы» тұлғасына қаз. *-ды* жұрнағының жалғануы жұмбақ құбылыс.

Талдысай – ауыл. Қаз. *тал* тұлғасына *-ды* жұрнағын және *сай* сөзін қосу арқылы қалыптасқан атау.

Тасбұлақ – бұлақ. Қаз. «тастын астынан ағып тұратын бұлақ» деген мағынаны білдіреді.

Тәттімбет атындағы ауыл – Бұрынғы «Арқалық» совхозы. Халық композиторы-күйші, шертпе күй орындау мектебінің негізін қалаушы Тәттімбет Қазанғапұлының (1815-1862) құрметіне аталған.

Теректі – ауыл. Атау өзінің тіке мағынасында.

Тоқай – таулар. Қазақтардың этнониміне байланысты аталған.

Төресай – Едірей тауының ішіндегі сайдың ең көріктісі, әсем жер болғандықтан Сайдың төресі екен деп риза болысқан. «Төресай» атауы содан шыққан дейді.

Түндік – өзен аты. Түндік – «киіз үйдің шаңырағына жабылатын төрт бұрышты, төрт баулы киіз» Ал жергілікті жерде кейде түндік сөзі «киіз үй», «үй» мағынасында жа қолданылады. Түндікті атауы – осы өзенді жағалай қонатын үйлердің /түндіктің/ молдығына байланысты аталған.

Тұнқатар – кіші-гірім тау аты (Қарқаралының жалғасы). Қаз. этникалық топ атауы.

Шайтанкөл – Бұл көл алғашқы кезде «Әулие көл» атанған. Жағасына тастан қашалған крест қойылған. Бір кезде әлгі крест суға құлап кеткен. Содан кейін «Шайтанкөл» аталыпты.

Баяғыда бұл көлді әулие мекендеген, суына беті-қолын жуған деп жұрт киелі су санапты. Жұма сайын қожа-молдалар бастаған байлар келген екен. Жағасында құдайға арнап мал сойып, құран оқысады. Шаншар ішінде Торсықбай дейтін қу болған. Бірде сол әлгіндей топтық үстінен шығады, құрбанға шалынған малдың мол етінен қарбыта асап,

сары қымыздан сылқыта жұтармын деп жұтынады. Бірақ жуандар жыртық шапанды кедейді табаққа жолатпайды. Біған қорланған қу ішінен «тұра тұрындар, бәлем!» деп кете барады.

Бір күні әлгілер көлдің басына тағы жиналады. Шартық қарын шүй желкелер мол табақты алдарына енді ала бергенде жақын жерден үрейлі үн шығады. Артынша тастардың бірінен сақалы сала құлаш, шашы жалбыраған бір мақұлық селтиіп шыға келеді. Үрейі ұшқан қожа-молдалар күбірлеп дұға оқиды, бірақ әлгі пәле тайсалмайды, дауысын құбылтып, құтырынып жақындай береді. Сол кезде қатты үрейі ұшқан бір бай орнынан ұшып тұрып, көзі алақтап:

–Ойбай, шайтан!– деп төмен қарай зыта жөнеледі. Қорқып отырған жұрт орындарынан қопарыла тұрып, тымтырақай қашады. Оларды шайтан боп үркітіп жүрген Торсықбай ешкі терісінен жасаған кепті шешіп тастап, «пісмілда» деп, жайрап қалған асты қолға алады. Содан бері Әуликөл осылай Шайтанкөл болып аталып кетіпті.

Ал бұл туралы орыстар басқаша айтады. Бірде аңшылар атып алған бұғыны кейін бір айналып кеп алмақ боп осы Шайтанкөл жағасына қалдырады. Қайта келгенде көлді таба алмай: «Шайтан алғыр-ай, қайда кетті?»–деп іздесе керек. Бертінде шіркеудегі поп көлді бұрынғысынша атайық деп тақтайға жаздырып қойса жұрт оны аулаққа лақтырып тастап, «**Шайтанкөл**» деп атапты.

Нұра ауданы

Айсакөл – Қарағанды облысы, Нұра ауданындағы көл. Атау қазақ тіліне арабтардан ауысқан. *Айса* < *Иса* атауының арғы шығу тегі (Иссус) көне еврей сөзімен байланысты.

Алабас – көл, Кенжарық селосының солтүстік-шығысынан 9 км. жерде орналасқан. Қаз. этникалық топ атымен қойылған атау.

Алаботалы – көл, Изенді селосының солтүстік батысынан 3 км. жерде орналасқан. Көне түр. ала + бота – бот. «биік бұта» мәніндегі атауы.

Алакөл – көл, Кенжарық селосының оңтүстік-батысынан 21 км. жерде орналасқан. Халық ұғымында «көл бетінің алабарқын түсіне, жағалауына» қарата қойылған атау.

Амантау – тау, Амантау атындағы ауылдың орталық мекені. *Көне түр. йаман* немесе *йемэн* сөзіне *тау* сыңары қосылған атау. «Жаман тау» мәніндегі атау. Немесе мал-жанға пана болған таулы бөктерлерді халық «Аман-тау» деп атаған.

Арықты – Нұра ауданының солтүстігінде Арықты деп аталатын көл бар. Ұзындығы – 1,8 км., ені – 1,3 км. Көлдің суы ертеректе одан тартылған арықтар арқылы жер суғаруға пайдаланылған, содан Арықты аталған.

Аршалы – өзен. Қаз. *арша* + *лы*, «арша өсетін жер» деген мағынаны білдіреді.

Ахмет ауыл – елді мекен. «Төре» тұқымынан тараған Ахмет бай атымен аталған. Қазір «Энтузиаст» ауылында оның ұрпағы тұрады. Ахмет бай өте бай адам болған. Оны 1934 жылы Петропавловск қаласына жер аударып жіберген. Ауылда 200 адам тұрған.

Мұнда кітапхана, ұстахана, лавкалар болған. Біртіндеп Ахмет ауыл үлкен село болып, 1954 жылы «Энтузиаст» ауылы деп қайта аталған.

Ащысор – көл. Киевский ауылының батысында 27 км. жерде орналасқан. Атау «суы ащы, топырағы сорлы жер» деген мағынаны білдіреді.

Байтуған – «Путь Ленина» совхозының қазіргі аты. Атау өзінің тіке мағынасында. *Бай* + *туған* компоненттерінен құралған атау немесе «бай бұлақ» деген мағынаны білдіреді.

Балақұндызды – Үлкенқұндызды өзенінің саласы. Қаз. *бала* және *құндыз* сөздеріне – *ды* жұрнағы тіркескен атау: «Кіші өзен» мәніндегі атау.

Балықты – көл. Қаз. *балық* + *ты*, «балығы мол, көп көл» мәніндегі атау.

Балықтыкөл – ауыл. Ауыл маңындағы қыраттар баурайында үлкен көл бар, онда балық өте мол. Сондықтан, халық ауыл атауын осы «Балық-көл» деген екі сөзден құрастырып қойған.

Баронское – село. Поселке мекені 1899 жылы таңдалып, қоныс аударушылар учаскесі А.Пушкиннің туғанына 100 жыл толғанына байланысты «Пушкинский» деп аталған. 1908 жылы Самар және Саратов губерниясынан қоныс аударушылар – немістер Баронское селосына келе бастады. Ал 1930 жылы «Барон» колхозы құрылған.

Баршын – село. Этим.: «кәрі бүркір» мағынасындағы атау.

Басал – көл, Тассуат поселкесінің солтүстігінде 11 км. жерде орналасқан. Атау қазақтардың этнонимінен шыққан «тыныштық», «тыныш көл» мәніндегі атау.

Баятар – Нұра ауданындағы көл, ұзындығы – 2,3 км., ені - 1,1 км., терең жері – 1,3 м. Бұл атау монғ. *баян* /*бай*/ + *тар* – /*жіңішке «сай», «ор»*/ сөздерінің бірігуі арқылы жасалған, білдіретін мағынасы – «ойлы, сайлы немесе ойға бар жер»

Берсуат – елді мекен. Түр. *бери* (<*бер*<*бире*<*бура*) және *су-ат* (суат) компоненттерінен құралған атау. «Бергі» немесе «бергі беттегі су жиегі» («сувлаг») мәніндегі атау.

Ефремовское (1909) – село, шаруа Гаврил Андреевич Ефремовтың құрметіне аталған. Ол 1958 жылы Нұра жағасына жақын Канкринский поселкесіне жер жыртып және егін еге бастаған алғашқы орыстарының бірі. Кейін оның ұрпақтары Канкринскийдан Нұра жағасына қоныс аударған.

Жайқопа – көл, Арықты поселкесінің батысында 2 км. жерде орналасқан. Атау жердің қурылымын анықтайды, «қамыс өскен борпылдақ жер» мағынасын білдіреді.

Жалпақсор – көл, Шұңқыркөл ауылының оңтүстігінде 3 км. жерде орналасқан. Қаз. *жалпақ* және *сор* компоненттерінен қалыптасқан атау.

Жаманкөл – көл, Киевка ауылының оңтүстігінде 6 км. жерде орналасқан. Қаз. *жаман* + *көл* сөздерінен құралған атау. «қауіпті, жаман көл» мәніндегі атау.

Жаманқарт – тау аты. *Жаман қарт* – қазақ этнонимінің аты. Түпкі *Жаманқара* этнонимінің көпші түрі (жамақара -т) айтыла келе, соңғы дыбысынан арылып, *жаманқарт* формасын қабылдауы сөзсіз.

Жанақұрылыс – Байтуған ауылының бөлімшесі. Қаз. *жаңа* және *құрылыс* сөздерінен құралған атау.

Жараспай – елді мекен аты. Көне түркі тілдері жайлы жазба нұсқаларда бұл сөз (*йараспай*) *жүзім* атауын өтеген. Қазіргі қазақ тілінде адам аты ғана.

Жарлыкөл – Құланөтпес поселкесінің оңтүстік-батысында 67 км. жерде орналасқан. Атау «жары биік көл» мәніндегі атау.

Захаровка, Нұра – ауыл. Қоныс аударушылар учаскесіне атауын 1901 жылы қойған. Бұл атау халық календарі бойынша Захаров күні болғандықтан қойылған. Құжат бойынша 1902 жылы Захаровка, ал 1909 жылы 27 сәуірден бастап Нұра ауылы деп аталған. Іргесі 1907 жылы қаланған. Нұра атауы 3 жыл ғана тұрақтанып, 1912 жылы Захаровка болыстық орталығы болып бекітілген. 1931 жылы Захаровка, Плаховка, Семёновка селолары біріктелініп, В.В.Куйбышев атындағы колхоз деп аталған. 1961 жылы наурыз айынан бастап Захаровка совхоздың орталық мекені.

Ивановка – Бұрынғы Бірсуат ауылы. Іргесін 1900 жылы Украинадан келген қоныс аударушылар қалаған.

Изенді – Нұра ауылының елді мекені. Қаз. *изен* (*бот.*) сөзіне –*ді* қосымшасын жалғау арқылы жасалған атау. «Изен шөбі өскен жер» мәніндегі атау.

Кеңжарық – Құланөтпес өзенінің жанындағы елді мекен. Атау «жерінде кең жар бар» мағынасындағы атау.

Керей – көл. Қазақтың этникалық тайпасының аты.

Киевка – аудан орталығы. Осыдан жүз жыл бұрын Украинадан қоныс аударған халық, өз елдерінің астанасы Киев қаласының атауына байланысты кішігірім Киев, яғни «Киевка» деп атаған.

Киевское – ауыл. 1954 жылы құрылған. Осы өңірге Киевтан алғаш қоныстанған тың көтерушілердің қалуымен қойылған.

Көбетей мен Шақман ауылдары – Қалмақ–қазақ қақтығыстарының бір толастаған шағында, жағалауын түйелі кісі көрінбейтін қалың көктал тоғайы көмкеріп, кісі бойы жасыл құрағы желкілдеп, кең арнасын толтыра толғындай аққан нұрлы Нұра өзенінің ық жағы Тінәлі руының биі Көбетейдің елі, жел жағын қалмақ «ханының» елі қатар жайлаған екен. қазақ–қалмақ болып бір өзеннің суын ішіп, қатар жайлап отырғанына бірнеше ай өтсе де, халқының қадірлісі болған, болашақты алдын ала болжап, біліп отыратын, сол

қасиетімен ел ішінде көріпкел Көбетей атанған қалмақ ханына сәлем бермепті. «Жерімді басып алған, үстемдігі жүріп тұрған ел-ау»-деп қымсынбапты да.

Қалмақ ханы болса, өктемдігім өтіп тұрған, үстемдігім жүріп тұрған ел болса тұрып, мен неге хан басыммен оған бас имекпін,—деп тәкаппарланып Көбетейге келіп, ол да сәлем бермепті. Осымен айдан-ай өткенде, Көбетейдің бұл қылығына қатты намыстанған қалмақ ханы аймағындағы жерді аралаймын деген желеумен ел аралай шығыпты. Қазақтардың жерін басып алған соң, елін де бағындырып алуым керек деген сенім көкірегіне терең ұялап қалған өркөкірек хан Көбетейдің үйіне ат басын тіреп тұрып:

—Көбетей, менің хандығымды елемеуіңнің маған сәлем бере келмеуіңнің жөні қалай? Менің үстемдігімді әлі күнге дейін сезбедің бе, әлде бір бөтен мақсат көздедің бе?—депті.

Сонда Көбетей:—Хан, қалмақтан қазақтың жолы үлкен. Біздің қазақта «Бақа көлінде, жекен суында»,—деген мақал бар. Мен өз жерім, мекен суымда отырған жоқпын ба, әрі жасым үлкен. Жөн білер қонақ әуелі үйге түсер болар, өкпе-назын сонсын айтар болар. Жөн сөзге сосын тоқтайды. Келіп қалған екенсің, сапары оң болсын, аттан түсіп қонағым бол,—депті.

Жөн жол-жобадан, ұтымды сөзден тосылған қалмақ хан амалсыздан қонақ болыпты. Арайы бірнеше үйлер тігіліп, той-думанмен құрметтеп күтіпті.

Сөз соңында Көбетей: – Күндердің күнінде жер-су үшін егес туа қалса, екі елді соғыстырып қан төкпейік. Бес бәс тігілсін. Ол - палуан күрестіру, айғыр таластыру, бура шайнастыру, бұқа және қошқар сүзістіру болсын. Қай елдің мәртебесі үшін бәсте үстем түссе, сол ел жер тағанында қалсын да, жеңілген жақ басқа жақтан жер іздесін,—депті. Осыған екі жақ келісіп, шарт жасасып, құжатқа мөрлерін басысыпты, пәтуаласыпты.

Осылайша бейбіт бірнеше жылдар өтіп, қазақ пен қалмақ жұрттары мамыржай іргелес тұрған екен.

Бір жылы қыста қар қалың жауып, бірнеше күн соққан бораннан кейін Нұраның жел жағындағы қалмақтың жылқы, қойлары тебіндей алмай қырыла бастапты.

Жұтқа ұшыраған жылқыларын Нұраның ығына өткізуге Көбетеймен жасасқан шартты бұза алмай, өткізбейін десе, малы қырылып жатқан халқын қия алмай, қатты сасқан қалмақ ханы ақыры тәуекелге бел буып, малын ық жаққа өткіздіріп, күшті қарулы жасақ қойыпты.

Көктемде хан Көбетейге өзі келуге мәжбүр болыпты. Осы кездесуде екі жақ палуан күресін бәске салуға келіседі.

Бір айдан кейін «Қызылтөбе» бауырына қалың-нөпер қазақ-қалмақ жиналып, қақ жарылып отырыпты. Қалмақтар жағы, бұрын бұл жақта көрінбеген оңтүстік өңірінен тауып әкелген жойқын денелі алып Шақаман деген палуаны мен қазақтың палуаны Көбетейдің ұлы Жарылғаппен күресіп, жеңіліп қалып, сол жерде опатқа ұшыраған.

Мәртебесі өсіп шыққан қазақтар қуаныштан жыласа, қалмақтар басына түскен қасірет, тапталған намысына ақырыпты.

Опат болған Шақаманның денесін алып кете алмаған қалмақтар тағы бір күні еру болып, келесі күні Көбетейге келіп палуанның денесін еліне жеткізе алмайтындарын айтып, осы апат болған жері «Қызылтөбеге» жерлеуге рұқсат беруін өтіне сұрапты.

Шақаманның денесін жерлегеннен кейін қалмақ ханы елін жиып алып Нұра бойынан үдіре көшіп, басқа жақтан қоныс іздеп ауып кетіпті.

Осы оқиғадан кейін де ұзақ өмір сүрген Көбетейге де бұл дүниенің күні бітіп, өмірден өтіпті. Денесі өзінің өсиеті бойынша сол «Қызылтөбенің» Шақаман қабырына қойылыпты.

Шақаман жерленгеннен кейін бұрынғы «Қызылтөбе» әуелі «Шақаман төбесі» делініп, кейіннен сол маңай «Шақаман» атанған көрінеді. Ал Көбетейдің қыстауы болған жер кейін «Черниговка» кеңшары деп аталған.

Көкөзек – Тассуат ауылының елді мекені. Атау «өзен орындары бар жасыл жіңішке алқап»

Күреңала – Киевка поселкесінің оңтүсті-шығысында 29 км. жерінде орналасқан көл. Көл түсінің өзгеріп, құлпырмалы болып тұруына қарай қойылған атау.

Қарақамыс – Жараспай ауылының учаскесі. «Қалың қамыс» мағынасындағы атау.

Қарақасқа – ауыл. «Айдынды», «тегіс жазық» мәніндегі атау.

Қарақұдық – Нұра ауылының учкесі. «Қара» сөзі құдық басының қарайып көрінетін түріне орай айтылуы керек.

Қаратай – көл, Киевка ауылының солтүстік-батысында 17 км. жерде орналасқан. Түр. *қара* және *тай* сөздерінен қалыптасқан көне атау. Қаз. қазақтардың ру тайпаларына жататын атау.

Қараой – Жаңақұрылыс ауылының учаскесі. Атау «таулы, төбелі ой» мағынасындағы атау.

Қияқты – көл. Қаз. Қаз. *қияқ* (*бот.*) сөзіне *-ты* қосымшасын жалғау арқылы жасалған атау. «Қияқ өсімдігі өскен жер» мәніндегі атау.

Қобыкөл – Семёновка поселкесінің оңтүстік-шығысында орналасқан көл. Атау «таяз, құрғауға бейімді көл» деген мағынаны білдіреді.

Қосқопа – көл, «Бородинский» поселкесінің қазақша аттары. Атау «қос қопалы көл» мағынасын білдіреді.

Құланөтпес – Нұра ауданын басып ағатын өзен. Ол Аймысық, Айғыржал тауларының, солтүстік-шығыс тауларының солтүстік-шығыс етегіндегі бұлақтардан басталып, Теңіз көліне құяды. Ұзындығы – 364 км.

Өзеннің аңғары кең, жағасы тік жарлы болып келеді. Осы өзеннің Құланөтпес аталу жайлы ертеден келе жатқан аңыз бар.

Ертеде, Шыңғысханның үлкен ұлы – Жошы Дешті Қыпшақты түгел жаулап алып, билігін жүргізіп тұрған кезінде бір күні нөкерлерімен серуен құрып, аң аулауға шығады. Келе жатып, алдарынан топ құланға кездеседі де қуып кеп береді. Құғынның қызығына түскен Жошы, қасындағы нөкерлерінің ілесе алмай алыста қалып қойғанын байқамайды. Хан баласы шауып келе жатып, садағын бұра тартып қалып, топ құланның көсемін аяпынан жаралайды. Ашынған ақсақ құлан айналып келіп Жошының өзіне шауып шайнап, таптап өлтіреді. Соңынан қуып жеткен нөкерлері өліп жатқан хан баласын көріп қатты сасады, Шыңғысханға калай хабарлауды білмейді. қайтып оралған нөкерлердің ешқайсысы ханға қаралы хабарды жеткізуге батылы бармайды. Бір жамандықты сезген Шыңғысхан «Кімде-кім жамандық хабар жеткізсе, басы шабылады» деп қаһарланады. Сонда ел ішінен қарт күйші Шыңғысханға келіп қаралы хабарды домбрамен «Ақсақ құлан» күйін тартып естірткен екен. Басқа деректерде Жошы өлімін Шыңғысханға Найманнан шыққан Кетбұғы жыршы жеткізеді. Сонда хан қарт тартқан күйден бәрін түсінеді де, күйшінің басын алуға әмір етеді. Сонда қарт: «Тақсыр, мен саған ештеңе айтқам жоқ, сөйлеген мына менің домбырам»–дейді. Шыңғысхан домбраның көмейіне

қорғасын құйып, үнін өшіруге әмір етіпті және сарбаздарына сол жерден ұзыннан-ұзақ терең ор қаздырып, қазақтың сары даласындағы құлан біткенді қазылған орға айдап құлатуға жарлық беріпті. Сол қазылған ор кейін өзенге айналып, «Құланөтпес» аталып кеткен екен.

Құмкөл – Заречное селосының батысында орналасқан көл. Атау «көл жағасы құмды» деген мағынаны білдіреді.

Қызыл жұлдыз – Көбетей ауылының учаскесі. Бұрынғы «Красная звезда» колхозының атынан қалған.

Қызылшілік – Тассуат ауылының учаскесі. Атау «қызыл шіліктің шөптері, қызылшілік талы өскен өңір» мағынасын білдіреді.

Қыпшақ – көл. Этнотопоним. Қыпшақтар қазақ елінің ұйтқысы болған тайпалардың біріне жатады.

Майоровка – село. Село Үлкенталдысай қоныс аударушылар учаскесінде 1909 жылы 27 қарашада құрылған. Волга жағасынан Нұра жағасына келген, немістерді қоныс аударуға белсенді қатысушысы Карл Андреевич Майер құрметіне аталған.

Малай – өзен. Әрі ру аты (этноним), әрі қазақтың белгілі батырының есімі (антропоним), кейін бұл атау гидронимге (өзен атауына) ауысқан.

Найза – Амантау ауылының жерінде орналасқан ең биік тау. Биіктігі 663 метр. «шың тау, үсті биік тау» мәніндегі атау.

Нұра – Қостанай, Астана, Қарағанды облыстарының жері арқылы өтетін өзен. Бұл атаудың шығу төркіні жайлы пікірлер әр қилы. Зерттеушілер монғол тіліндегі «*нураа*», «*нуруу*» және «*нур*» сөздерін бір қатарға қойып, осы сөздердің бәрін «*нұра*» сөзінен өрбіген немесе өзгерген түрі деп жаңылыс талдайды. Бұл сөздердің монғол тілдерінде жеке-жеке мағынаға ие, дербес лексема екендігінде мән бере қарастырғанымыз жөн. Монғол тіліндегі *норах* – «опырылыс», «кұлау; бур. *нуралта* – «кұлау, жылжу»; монғ. тілінен эквенк тіліне енген «*нура*» – «жар». Монғ. *нуру* – «тау жотасы, тау сілемі», «тізбегі». Ғ.Қонқашбаевтың анықтамасы бойынша: «Нұра – көлбей созылған тік бетті сай не жыра; құлама». Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Су орған жыра, терең сай».

Е.Қойшыбаев монғ. тіліндегі *нуру* – «тау жотасы, төбесі», «*нұра*» және «*нарын*» сөздернің түбірі бір деп қарап, әрбір сөздің лексикалық мағынасы мен сырт тұлғасына мән бермеген.

Демек, «Нұра» атауы – монғол тіліндегі «*нураа*» сөзінің тілімізге бейімделіп, өзгерген түрі. Мағынасы «су орған арна, сай, содан аққан өзен» дегенді білдіреді.

Ошағанды – Нұра өзенінің саласы, Андроновка селосының қазақша аты. Қаз. *Ошаған* (бот.) сөзіне –*ды* қосымшасын жалғау арқылы жасалған атау. «Ошаған өсімдігі көп өскен жер» мәніндегі атау.

Өндіріс – Тассуат ауылының елді мекені. «Производственный» колхозының бұрынғы аты.

«Парижская коммуна» – село. Орталық мекені Қараой селосы. 1930 жылы 18 наурызда Киевка селосында шаруалардың жиналысында колхоз құруға шешім қабылдады. Бұл күн календарьда Париж коммунасының еске алу күні болған.

Плаховское – село. Ақмола қоныс аударушылар басқармасының жұмыскері болған Плахов фамилиясынан пайда болған. Ол уездің бір шаруа учаскесін басқарған. Қоныс аударушылар әскер чиновнигі қамқорлық пен көмек жасап отырады деген үмітпен өздерінің селосын Плаховка деп атаған.

Пржевальское – село. 1954 жылы Н.М.Пржевальскийдің басқаруымен бірінші ашушы-саяхатшылар экспедициясы болған. Сондықтан, жаңа село Н.М.Пржевалскийдің құрметіне аталған.

Сарыала – ауданның шығыс жағындағы, Киевкаден оңтүстік-шығысында 25 км. жерде орналасқан көл. «Ала көл» қазақтардың Сары руының көлі болған мәніндегі атау.

Сарыалаат – Қарағанды облысының Нұра ауданында Қолаң, Кертінді, Қарт (Жақсы Қарт, Жаман Қарт) деген тау, шоқылар, Сарыалаат, Күреңалаат, Маржанкөл атты көлдер кездеседі. Міне, осы жер-су атауларына байланысты халық ішінен мынадай аңыз-әңгіме бар:

Ертеде Қолаң деген қыз бен Кертінді деген жігіт бірін-бірі ұнатып, көңіл қосады. Алайда дәуірдің өмір салты екеуінің қосылуына кедергі болады. Қыздың бұрыннан айттырған жігіті бар екен. Ата-ананың ақ батасын, рұқсатын алып қосыла алмайтынына көздері жеткен Қолаң мен Кертінді бір түнде жасырынып ауылдарынан қашып шығады. Олардың қашқанын білгеннен соң, арттарынан бір сары ала атты, бір күрең ала атты қуғыншы шығады. Аңызға қарағанда Сарыалаат, Күреңалаат деген көл атаулары содан қалған. Қолаң қыз бен Кертінді қашып келе жатып, бір таудың тұсына келгенде алдарынан қарт кісі жолығып, жөн сұрайды. Жағдайларын білген соң, қария: «Осы беттеріңмен жүре беріңдер, қуғыннан құтыласыңдар» депті. қарт сөзіне риза болған қыз бен жігіт ол тауға **«Жақсы қарт»** деген ат қойыпты. Содан жүре-жүре қашқындар тағы бір тауға келгенде қарт кісі жолығып, ол: «қашқандарыңмен бәрібір құтылмайсыңдар» депті. Ол тауға қарияның сөзін ұнатпаған қыз бен жігіт **«Жаман қарт»** деген ат береді. Осылай жүріп отырып бір көлге келіп тоқтайды. қыз демалып, беті-қолын жуып отырып, мойынындағы моншағын көлге түсіріп алыпты. Содан көлге қыз **«Маржанкөл»** деп ат қойған екен. Халық аңызына қарағанда, Қолаң Нұра өзеніне жақын жердегі жалғыз төбеге жерленген. Ол төбе қазір де **Қолаң** деп аталады. Ал жігіт жерленген жер **Кертінді** аталып кеткен. Ол қазір Чкалов кеңшарының орталығы, «Казгородок» деп аталады. Ал аңыздағы басқа жер-су атаулары өзгермей, сол қалпында бізге жеткен, Жақсы қарт, Жаман қарт деген таулар, Сарыалаат, Күреңалаат, «Маржанкөл» деген көлдер қазір де бар.

Саумалкөл – көл. Көлдің атауы онда өсетін өсімдігіне, саумалдыққа байланысты қойылған. Немесе саумал сияқты көпіріп жататын көл мәніндегі атау.

Сәрсенкөл – Қарағанды облысының Нұра ауданындағы көл аты. Бұл иран сөзінен жасалған атау, *чар* – төрт, *шамбе* – күн дегенді аңғартады. Содан сөз бірігіп, *чаршамбе* > *сәрсенбі* болып қазақ тілінің дыбысталу ерекшелігіне орай өзгеріске түскен.

Серліқамыс – Тассуат ауылының солтүстік-шығысында 22 км. жерде орналасқан көл. Атау «сұлу, әсем қамыс» мағынасын білдіреді.

Соналы – ауыл. «Сонасы бар жер» мәніндегі атау.

Соркөл – Тассуат ауылының оңтүстік-шығысында 10 км. жерде орналасқан көл. Атау «ащы, тұзды көл» мағынасын білдіреді.

Социалды – Нұра ауылының елді мекені. Бұрынғы «Социалистический» колхозының атынан қалған атау.

Талдынұра – өзен аты. *Талды* және *Нұра* атауларының қосындысынан қалыптасқан біріккен тұлғалы топоним. Мағынасы «Талдыдағы Нұра».

Талдысай – ауыл. **Талдысай** – ауыл. Қаз. *тал* тұлғасына –*ды* жұрнағын және *сай* сөзін қосу арқылы қалыптасқан атау.

Тапалкөл – Кенжарық поселкесінің оңтүстік-батысында 12 км. жерде орналасқан. Қаз. *тапал* тұлғасына *көл* сөзін қосу арқылы қалыптасқан атау.

Таскөл – Киевка ауылының батысында 11 км. жерде орналасқан. «Тасты көл» мәніндегі атау.

Тассуат – Тассуат поселкесінің солтүстік-шығысында 14 км. жерде орналасқан. *Этим.:* қаз. *тас* + *суат* сөздерінен қосу арқылы қалыптасқан атау. «Тасты суат» мәніндегі атау.

Теңіз – көл. Деңіз сөзінен – теңіз шыққан.

Терісаққан – өзен. «Теріс жаққа ағатын өзен мәніндегі» атау.

Топаркөл – Нұра ауылының учаскесі. Түр. этникалық топ атауы. Топаркөл – «Топарлардың көлі» мәніндегі атау.

Төрт сарт – көл. Бұл атау өзбектердің ежелгі отырықшы бөлігінің ескі атауы. В.В.Бартольдтың айтуына қарағанда бір кезде түркі халықтары үндінің «саудагер» сөзінің түбіріне «сарт», «сартак», «сартауыл» деген атаулар қолданған.

Тұзкөл – Кенжарық поселкесінің солтүстік-шығысында 4 км. жерде орналасқан. «Тұзды көл» мәніндегі атау.

Түменбек – шоқы. Энтуазист ауылының солтүстік-батысында 1,5 км. жерде орналасқан. Көп уақыт бойы кошпелі қазақтардың қыстағы болған. Шоқы дәулетті адамның есімімен аталған. Бұл жер мал өсіруге қолайлы жағдай болғандықтан Түменбек таңдап алған. Жанында Нұра өзені және оның саласы Көкпекті өзені болған.

Черниговка – село. 1896 жылы Ақмола облысының Көбетей өңірінде Черниговка селосы құрылған. Алғашқы тұрғындар Чернигов губерниясының Люблино және Охримовичи селосын келген. Чернигов қаласынан қоныс аударғандар табан тіреп тоқтаған жерлерін «Черниговка» деп атаған. Ал, қазір ол «Көбетей» делініп өзінің бұрынғы тарихи атауына ие болды.

Шахтёр – село. Село 1954 жылы құрылған. Селоның алғашқы тұрғындары Ростов облысының Шахта қаласының қоныс аударғандар болған, сондықтан солай аталған.

Шошқакөл – көл, Нұра ауданының оңтүстік-батысында, біраз бөлігі бұрынғы Жезқазған облысының жерінде. Ауданның ең үлкен көлі, аумағы 320 км², ұзындығы 8,5 км, ендірек бөлегі 6,7 км. Бұл көлдің жағалауындағы қамыстың қалың қопалары жабайы қабандар мекендеуге мүмкіндігі болған, содан көлдің атын «Шошқакөл» деп атаған.

Шөптікөл – көл. Қаз. *шөп* тұлғасына *-ті* жұрнағын және *көл* сөзін қосу арқылы қалыптасқан атау.

Шұбаркөл – көл. Түр. - монғ. *шұбар* және *көл*, яғни «қалың, саз батпақты ормандағы көл» мәніндегі атау.

Шұбартөбе – Нұра ауылының учаскесі. Көне түр. «орманды, бұталы тбе» мәніндегі атау.

Шұңқыркөл – елді мекен. Қаз. *шұңқыр* тұлғасына *көл* сөзін қосу арқылы қалыптасқан атау.

Осакаров ауданы

Ағаштыкөл – көл. Қаз. *ағаш* тұлғасына *көл* сөзін қосу арқылы қалыптасқан атау.

Ағдым – өзен аты, Түр. «*ақдым*» немесе «ағыны мол өзен» мағынасын беретін атау.

Ақбұйрат – мекен аты. «Ақ отты бұйрат» мәніндегі атау.

Ақдің – тау. «Ақ отты таулар» мәніндегі атау.

Батпақ – село. «Батпақты, тарпалы жер» мәніндегі атау.

Богучар – село. Богучар өзенінің жағасында 1717 жылы құрылған Воронеж облысында Богучар қаласы бар. Бұл селоның атауын жер аударушылар қойған.

Бұйрат – төбе. Түбірден жасалған жалқы есім деуге болады. «Ойлы-қырлы белестер, созылып жатқан қырқа, адыр» мәніндегі атау.

Ерейментау – таулар. 4 нұсқау бар. 1) Ерейментау – кезінде бұл жерде тұрған кісінің құрметіне аталған Ереймен таулары. 2) Қаз. *ер+емен* сөздерінен қалыптасқан атау. «Еменді, күшті ер» мәніндегі атау. 3) Аңыз. Жоңғар жаулап алушыларға қарсы күрес кезеңіне байланысты Ерейментау таулары туралы аңыз бар. Бұл тауларға Бөгенбай батыр кезінде жауды айдап кіргізіп, тау шатқалында Бөгембай мен жоңғар арасында жекпе-жек айқасы болған. Жоңғар ұтылып қалған. Бөгенбай жауынгерлері жаудың атын ұстауға ұмтылған. Көп кешікпей таулар арасында «Ермен, ермен» деген шаттық айғайлар естілді. Содан бері ел ішінде бұл тауларды Ерейментау деп атап кеткен. 4) Е.Қойшыбаевтың нұсқауы: Түр. - монғ. тілдері негізінде *арайман сын. шырай* («шұғылалы, арайлы») сөзіне

қазақтың тау сөзінің қосылуымен жасалған атау. Мағынасы: «арайлы, үздік-создық, көз талдыратын көрікті тау».

Есіл – Осакаров ауданының ең атақты өзені. (Орыс тілінде өзен Ишим деп аталады.) Ол Қазақстанның орталық, солтүстік облыстарын басып өтіп, Ертіс өзеніне қосылады да әрі қарай Обь өзеніне барып құяды. Белгілі топонимист Г.К.Қонқашпаевтың пікірінше «Есил» – «скрученно-волнистое течение» дегенді білдіреді. Яғни өзен суының бұралып, арқан сияқты есіліп ағатынын байқатады.

А.Әбдірахмановтың топшылауынша жоғарыдағы Есіл өзенінің аты *йашыл>йасыл>йешіл >йесіл>есіл* түрінде біртіндеп өзгеріске түсе отырып қалыптасқан.

Жаманкөл – көл. Қаз. *жаман* + *көл* сөздерінен құралған атау. «қауіпті, жаман көл» мәніндегі атау.

Жартас – поселке. Мекен аты «тасты жар» деген мағынаны білдіреді.

Жуантөбе – төбе. Қаз. *жуан* және *төбе* сөздерінен қалыптасқан атау. «Жуан төбе» мәніндегі атау.

Жыланды – өңір. Қаз. жылан және –ды жұрнағы арқылы қалыптасқан атау.

Кондратовка (Кондратьевка) – село. Орыс-жапон соғысының батыры, өжет генерал Кондратенко Роман Исидорович құрметіне аталған.

Крещенское – село. Бұл атау крещение деген христиандардың дін мерекесімен байланысты. 1909 жылы крещениеде мерекелік түскі тамақ кезінде ауылдастар селоны Крещенский деп атын қоюды шешкен. Әлібек ауылының территориясында орналасқан. Алғашқы үйлер 1907 жылы пайда болған. Шаруалар құрған басқа поселкелерге қарағанда, бұл ауылға әрбір жерден яғни, Белояровка, Константиновка, Тургеневка, Вешневка селоларынан келген. Бірақ Қарабұлақ жер аударушылар учаскесіне біртіндеп орналасқан.

Каракөл – көл. *Тур.* «көзді көл» мағынасындағы атау. Олай аталу себебі бұл тіркестегі *қара* сөзі «жер» мағынасында. Яғни, «жер көлі» (грунт) деген мағынада.

Кұндызды – өзен. «Кұндыздар мекендейтін өзен» мағынадағы атау.

Кұрайлы – бұрынғы жер адарушылар учаскесі (қазір Вольск селосы). «кұрай көп жер» мәніндегі атау.

Қушоқы – тау. «Айналасы елсіз төбе» мәніндегі атау.

Маржанкөл – көл. «Маржандай мөлдір таза көл» мәніндегі атау.

Нияз – тау. Осакаров ауданының солтүстік-шығысында аралары бірнеше жерден үзілген тау, ұзындығы 50 км, ені 15 км болып солтүстіктен оңтүстікке қарай тізбектеле созылып жатыр. Бұрынғы Шідерті тауының кейінгі тұста қойылған атауы болуы ықтимал. *Қаз.* этноним бойынша қойылған атау, бірақ иран тілі негізіндегі сөз. Нияздың баурайынан Есіл өзені, Шідерті өзенінің салалары бастау алады.

Осакаровка – Осакаров ауданының орталығы, темір жол стансасы. Атаудың екі нұсқасы бар: 1) «Аса қарлы мекенжай» деген қазақша сөйлемшеден шыққан сөз. 2) Наурызек руынан Асқар деген кісі осы мекеннің иесі болған дейді. Оның қыстағы кейін осы жерге салынған Ералы ауылының жерінде орналасқан. 90-шы жылдары столыпин реформасы кезінде, бұл өлкеге орыс қоныс аударушылар келіп, өздерінің селенияларын құрған. Олар қазақша сөйлеу білмегендіктен, қазақша атауларды өздерінің транскрипциясына өзгертіп айтқан. Сөйтіп, «Аса қарлы» және «Асқар» елді мекені «Осакаровка» болып аталып кеткен.

Ошағанды – өзен. Нұра өзенінің саласы. «Ошағаны көп өсетін жер» мәніндегі атау.

Өлеңті – Ертіс алабындғы өзен. Ұзындығы 236 км. Нияз және Ерейментау тауларынан, басталып, Әуликөл көліне құяды. Өзеннің бұлай аталуы – олардың жағасында өлең шөптің (осока поникшая, осока ранняя) көп өсетіндігіне байланысты. *Қаз.* «өлең шөпті жер» мәніндегі атау. *Көне түр.* *өлең* және *ту* сөздерінің кірігуінен қалыптасқан атау. Сөзбе-сөз «өлеңтау» мағынасын береді.

Сарыбел – бел аттары. Қазіргі Осакаров ауданының бұрынғы атауы. Сарыбел қыста қарлы, жазда салқын, салиқылы сары төс, жон жер. Шөбі шүйгін. Топырағы құнарлы, жердің шұрайлысы. «Аумақты», «асу» мәніндегі атау.

Сарыөзек – Қазіргі Вольск ауылының бұрынғы қазақша атауы. Сары топырақты құр жылғаға байланысты атау. *Түр.* «кең жер» мағынасындағы атау.

Святогоровка – село. Әулиетау таулар атынан шыққан атау.

Скобелевка – село. Генерал, әскер басшысы Михаил Дмитриевич Скобелев (1843-1882) атымен байланысты аталған. 1908 жылы орыс-түрік соғысының Жеңіске 40 жыл толғанын Ресейде аталып өткен. Осы соғыстың батыры М.Д.Скобелевтың құрметіне селоға жанадан келген патриот – тұрғындар атаған.

Тұзды – өзен. «Тұзды өзен» мәніндегі атау.

Шідерті – өзен. *Түр.* - *монг.* *Шабер* – *Шабар* сөздерінен шыққан «тұтқыр батпақ, тартпалы жай» мәніндегі атау.

Шыбынды – көл. «Шыбыны көп көл» мәніндегі атау.

Ұлытау ауданы

Ақасық – тау, биік. 366 м. Қарағанды облысы, Ұлытау ауданында. Атаудың бірінші сыңарындағы «ақ» сөзі географиялық термин ретінде «ақ түс», «мөлдір», «үлкен, кең, жазық» мәндерінде жиі қолданылады. Ал екінші сыңарындағы «асық» сөзі көптеген түркі тілдерінде өзен алаптарының кең де жазық тұсын білдіреді. Алт. диалект «ажық» - «асу»; хакас. «азых» – «жазық, жайдақ асу» (Э.Мурзаев, 1984, 40). Бұл мағұлматтарға және таудың аласа болуына (366 м. ғана) қарағанда, «Ақасық» атауы «жайдақ, аласа асу» деген мағынаға ие екенін көреміз.

Ақша-Қожай – мекен аты. Қос этноним: Ақша және Қожай этникалық топтарының аты.

Алдабергенсай – Қарағанды облысының Ұлытау ауданындағы өзен аты. Бұл араб және қазақ тіліндегі сөздерден бірігіп жасалған атау. *Алда* – арабтың *Аллах* – құдай деген сөзі де, *берген* – қазақ тіліндегі сөз. Ал соңғы *сай* сөзі – географиялық термин. Сөйтіп, *Алдабергенсай* – гидронимі Құдайберген атауымен синонимдес, мағыналас болып келеді.

Арғанаты – тау, Ұлытау ауд., Қарағанды обл. Атаудың шығу төркінін талдаған ғалымдар халық этимологиясындағы: 1) «арғын ата»; 2) «арыған ат» сияқты болжамдарды көрсетеді де, ғылыми этимология бойынша: «монғол тілі негізіндегі *арга* // *аргалын* тұлғасына түркі тілінің *ты* (*ту* < *ту* < *тау*) морфемасының қосылуы нәтижесінде жасалған «арқартау» мағынасындағы атау» ретінде пайымдайды (Қойшыбаев, 1985, 50). Бұл пікір бұдан он жыл бұрын айтылған А.Әбдірахмановтың ой толғамын қайталау сияқты. Онда: «Атаудың түбірі «*арғана*» көне алтай заманында «арқар», «тау ешкі» ұғымын білдіріп, кейін монғол тілінде «арғал», ал түркі тілдеріне «арқар» түріне көшсе керек. Ал –*ты* жұрнағы – осы заттың бар екендігін білдіретін, Алматы, Бұғыты, Ырғайты тәрізді атауларда сақталған туынды сын есім жасайтын көне жұрнақ», – деген еді (Әбдірахманов, 1975, 64). Тау аты арқар сөзімен байланысты да болуы мүмкін. Бірақта тау атының, оның табиғи құбылысына, көрік-кескініне де байланысты аталуы жиі кездесетін жайт екенін ескеру қажет сияқты. Мәселен, Алатау, Қаратау. Атаудың «арған» сыңарының түп төркіні – «*арқа*». Оның тура мағынасы – «ту сырт, арқа» болса, географиялық термин ретінде түркі тілдерінде: *арга*, *арқа*, *арқан* тұлғаларында келіп, бірнеше мағнаны білдіретінін көреміз. Мысалы: тува, хакас тілд-де: *арга* – «тау орманы», «тайга», «көлбей созылған қыр, қырат, жота», алт. *арқа* – «тау етегі», «орманның терістік жағы», ноғай, құмықша *арқа* – «қорған», «шын», «таудың ұшар басы», «тау тізбегі», «таулар», башқ. *арқа* – «тау жалы», «биіктік», эвен. *арқан* – «арқа», «иін».

Бұл дәлелдерге сүйенгенімізде, «Арғанаты» атауының бірінші сыңарындағы *арған* (арқан. арқа) сөзін «тау қыраттары, сілемі, тізбегі» деген мағыналы сөз деп білеміз, ал екінші құрамындағы ат тұлғасын көне түркі – алтай дәуіріне тән көптік жалғау көрсеткіші деудің реті бар. Ол жалғауды Арқат, Дарат, Нурат және Дулат, Керейіт тәрізді жер-су, ру аттары құрамынан көреміз. Ал атау соңындағы *ы* – кейінгі кезеңдерде қосылған қосымша.

Демек, «Арғанаты» атауы «бір-бірімен жалғасқан тау тізбектері, қырат-жоталар, тау сілемдері» деген мағынаға жуық.

Арғынбай – Қарағанды облысының Ұлытау ауданында Арғынбай аталатын өзен бар. Атаудың кісі есімінен қойылғанын Арғынбай сөзіндегі *бай* қосымшасы білдіріп тұр. Ал, Арғын – Орта Жүздің белгілі ру аты.

Ашыкөл – көл. Ол Қоскөл поселкесінің оңтүстік-шығысында жатыр. Көл ағынсыз, тау аралығындағы ойыста жатыр. Ашыкөл – аудандағы ең ірі көл. Оның көлемі 16 шаршы км., ұзындығы 6,2 км. Атау «суы ішуге жарамсыз ащы көл» деген мағынаны білдіреді.

Бағаналы – Ұлытаудағы мекен аты. *Қаз.* этникалық топ атауы. «Баған таңбалы» мағынасындағы атау.

Байжаннұра, Түлкібайнұра – Қарағанды облысының Ұлытау ауданында деген жыра, шатқалдар бар. Бұл атаулар да *нұра* сөзінің жыра деген мағына беретінін дәлелдей түседі.

Барақ – Қарағанды облысының Ұлытау ауданының солтүстігінде Барақкөл аталатын көл бар. Ол көне заманнан қалған шұңқырда орналасқан. Көл атауындағы *Барақ* сөзі көне дәуірлерден белгілі тайпа атынан қойылған. Немесе Барақ деген кісі атынан қойылған көл деген мағынада.

Басбайтал – тау, биіктігі 631,8 м. Ұлытау ауд. Барақ көлінің оңтүстігіндегі көл аты. Бұл атаудағы «*байтал*» сөзінің тіліміздегі жалпы есім «*байтал*» сөзімен байланысы жоқ сияқты. Өйткені оның *байса* тұлғасы бурят тілінде «тау» деген мәнді білдірсе, монғол тіліндегі «*байқ, байқа*» сөздері «жартас» сөзімен төркіндес болуы мүмкін. Ал сөз соңындағы дауыссыз *л* монғол тіліндегі көптік жалғаудың қрсеткіші екендігі сөзсіз. Демек, *Басбайтал* – «жоғарғы жартас, басқы тау» дегенді аңғартса керек.

Боғажелі – Ұлытау ауданындағы көне елді мекен аты. *Тур.* этнонимі. Осы күнге қазақ этнотопонимдері.

Бозшакөл – Ұлытау ауданындағы көл аты, негізінен суы тартылған көл. *Қаз. бозша* және *көл* – түске қатысты атау.

Дансары – көл, сай, Ұлытау ауд., Қарағанды обл. Атау құрамындағы *дан*(*ур. танг* – «шат», «арна», диал. *данги* – «тау асуы, бел, белес», «тау аңғары», «сары» – бұл жерде түстен гөрі «үлкен, кең» деген мағынаны білдіріп тұр. Демек, атаудың мағынасы «үлкен, кең шат, шатқал, аңғар» дегенге саяды.

Есен – өзен. Ұлытау ауданының жерінен ағып, Нұра өзеніне жетіп құяды. Ұзындығы 102 км. Есен, шежіре деректеріне қарағанда Орта Жүз Арғын тайпасының Қанжығалы руынан тарайды. Аты аталған өзенге жоғарыдағы ру атының берілуі әбден мүмкін.

Есілбай – Қарағанды облысының Ұлытау ауданының жерінен Есілбай атты өзен ағады. Есілбай – кісі есімінен қойылған атау.

Жауқашарсай – Қарағанды облысының Ұлытау ауданында, Шағырлы – Жыланшық өзенінің солтүстігінде Жауқашарсай деген тартылып қалатын өзен бар. Бұл өзеннің аты жөнінде әр түрлі жорамал айтуға болады.

Орта жүз Арғынның бір тармағы – Атығайдан тарайтын он екі арыс елдің бірі – Жауғаш деп аталады. Басқа бір дерек бойынша Атығайдың төрт ұлының бірі – Жауқашар. Кіші жүз Байұлы құрамына кіретін Шеркеш тайпасы сегіз атаға бөлінеді. Соның бірі Жауқашты.

Жоғарыдағы өзен аты осы ру аттарымен байланысты болуы мүмкін.

Жезді – Қарағанды облысының Ұлытау ауданындағы өзен аты. Әуелде Жезді және Кеңгір өзендері аралығындаға өңірдің аты (түгел «Жезді» атанған). Өзеннің аты сол жерде жез байлықтарын меңзейді.

Жұмабай – Қарағанды облысының Ұлытау ауданындағы өзен аты. Ол кісі есімінде жиі кездеседі. *Жұма* араб тілінде екі түрлі ұғым береді: біріншісі – құдайға құлшылық ететін күннің аты, (аптаның бесінші күні); екіншісі – апта. Әдетте аптаның бесінші күні (жұма күні) туылған балаға осында ат қойылады.

Кеңгір – өзен, село, Ұлытау ауд., Қарағанды обл. Оның Қаракеңгір, Сарыкеңгір атты тармақтары бар. Сарыкеңгір Қаракеңгірге құяды да, Қаракеңгір Сарысу өзеніне қосылады. Қаракеңгір өзенінің ұз. 283 км., алқабы 19088 м². Сарыкеңгір өзенінің ұзындығы 135., алқабы 4052 м². Кеңгір ескі, көне атаулар қатарына жатады, сондықтан да халық арасында оның мағынасы белгісіз. Бұл атаулар алтай, көне түркі дәуірлерінен белгілі этнонимнен жасалған.

Кеңгір өзенінің шығу тарихы мен лингвистикалық сыры ғалымдар назарынан тыс қалған емес. Бұл атау Жезқазған жерін мекендеген көне тайпалардың біріне тән болса керек. Ол атаудың ерте замандарда *Кангар* аталып, кейінгі кездерде біздің тіліміздің фонетикалық жүйесіне сай өзгеріп, жіңішке тұлғада *Кеңгір* болып қалыптасып кетуінде тіл заңына сай заңдылық жатса керек. Өйткені оның бірінші сыңары «канг» үндіеуропа тілдерінде *кан//канг//ганга* тұлғаларында сақталса, Алтай, Сібірдегі эвенкі, түркі тілдері мен корей тілдерінде *кан//кен//кем//хем* және *ар//ер//ур* морфемаларына лингвистикалық талдау жасағанда ғана олардың сырын аша аламыз. Осы *кан//кен* тұлғалы өзен аттары Енисей өзенінен бастап, Охотск теңізіне дейінгі тайга мен орманды-тундралы аймақта және Алтай, Сібірден Орта Азия, Қазақстанға дейін, одан әрмен Үндістанға тараған. Бұл *кан/ганг/кен* формантын кейбір ғалымдар жұрнақ деп, басқалары «ағын су, өзен» деген мағынадағы жеке, дербес сөз деп таныды. Бұл сөз шығыс түркі тілдерінде, яғни Алтай, Сібір өлкесіндегі тұрғындар тілдерінде «өзен, су» мағыналы сөз болса, иран тілдерінде *кан* «арық» «канал» деген мағынаны білдіреді. Ал атауды екінші компонентіндегі *ір* (*ар, ер*) үндіеуропа, түркі-монғол тілдеріне ортақ екендігі анықталып отыр. Мәселен, башқұрт жеріндегі Танып өзенінің оң жақ жағасындағы *Ар* (өзен), Буй өзенінің тарамы *Эри*, Усен өзенінің оң жақ тармағы *Әриылга*, Манси тіліндегі эри – «өзен», венгер тіліндегі ар – «өзен», «ағын», «тасқын» сөздеріне барып саяды.

Демек, «*Кеңгір*» атауының мағынасы «өзен, өзен» дегенге саятындай.

Кеңтарал – мекен, Ұлытау амаңындағы көнеден қалған қоныс орны. *Ир.-түр.* симбиозы: *кент* + *арал* – «қалалы арал мәніндегі атау».

Қабыршақты – Қарағанды облысының Ұлытау ауданындағы көл Қабыршақты деп аталады. Ұзындығы – 4 км., ені – 2 км. Көлдің жағалауы жайдақ, ашық боп келеді. Жағалау түгел көл суының толқынымен шығарылған қабыршақтарға толы болады. Көл осы белгісіне байланысты Қабыршақты аталған.

Қазыбек – Қарағанды облысының Жезқазған өңірінде ұзындығы – 59 км. болатын Қазыбек деген өзен ағады. Сарысу алабындағы бұл өзен Ұлытаудың солтүстігіндегі бұлақтардан басталып, Қара-Кеңгір өзеніне құяды. Бұл атау Қазыбек немесе Қазы руларының, болмаса Қазыбек бидің атына байланысты қойылғаны, яғни этнонимнен, немесе антропонимнен жасалғаны белгісіз.

Қоскөл – Ұлытау ауданының солтүстік жағындағы тау арлығындағы ойыста Қоскөл орналасқан. «Қатар жатқан екі көл» мәніндегі атау.

Мадьяр бұлақ – Қарағанды облысының Ұлытау ауданында Мадьярбұлақ деп аталатын бұлақ бар. Мадьяр – венгер халқының өзіндік атауы. Қазақстанда Орта Жүз Арғын ішінде мадьяр атты ру бар. Кейбір венгр ғалымдары венгерлер мен қазақ халқының арғы аталары Есіл-Еділ арасында іргелес отырып, аралас-құралас өмір кешекенін айтады. Зерттеушілер венгер тілінің түркі тілдерімен жақындығын, ұқсастық белгілерін анықтады, көптеген сөздері қазақ тіліндегі сөздермен сәйкес келеді. Мадьярбұлақ – осы қазақ ішіндегі ру атына немесе сол этнонимге байланысты кісі атына қойылған.

Мақанжан – Қарағанды облысының Ұлытау ауданында Мақанжан аталатын бастау бар. А.Әбдірахманов Мақаншы топониміне байланысты былай дейді: «Қалмақша *махн* – ет деген сөз. Монғол тілінде *мах* – ет. Мұнда сөз аяғындағы *н* дыбысы түсіп қалатынын ескерсек, бұл форма да заңды. Осыған қарағанда **Мақанжан** атауындағы *Мақан* сөзі де қалмақ, монғол тілдеріндегі ет мағынасын беру керек. Оған *жан* компоненті қосылып антропоним (кісі аты) жасалған да, ол ат гидронимге қойылған.

Нарынбайсай – Қарағанды облысының Ұлытау ауданындағы өзен аты. А.Әбдірахмановтың топшылауынша *нарын* сөзі монғолдың *наран* – «күнді, күнгей» деген сөзінен жасалған. *Нарын* түріне айналуын оның *нарын құмы* деген тіркестегі, *құм* сөзіндегі *ұ* дыбысының әсерінен деп түсіндіреді. Ал Г.К.Қонқашпаев *нарын* сөзі монғолдың *нарин* – «жіңішке» деген сөзінен алынған деп есептейді.

Ноғайсай – Қарағанды облысының Ұлытау ауданында Ноғайсай аталатын құрғап қалған өзен, сай бар. Бұл атау белгілі этнонимнен, халық атынан қойылған.

Нөгербек – Қарағанды облысының Ұлытау ауданында Нөгербек (Нөкербек) дейтін өзен бар. Монғол тілінде «*нөкер*» деген сөз «жолдас», «дос» деген мағына береді, оған *бек* сөзі қосылып, кісі есімі жасалған да, ол өзен атына ауысқан.

Ожырай – тау аты (Солтүстік-Батыс Ұлытау). Қаз. (етістік) «оқшалану, бөлектену» мәніндегі атау.

Райымбек – өзен. Қазақтың белгілі батырының есімі (антропоним). Райымбек жоңғарларға қарсы соғысқа он жеті жасында қатысып, батыр аты сонда шығады.

Рысбай – Қарағанды облысының Ұлытау ауданында Рысбай бұлағы бар. Рысбай атауы көне түркі тілдерінде, Орхон-Енисей жазбаларында кездесетін *Ырыс* сөзінен жасалған. Бұл сөз *орыз*, *ораз*, *рыз* формаларында да қолданылып, «бақыт» деген мағына береді. *Ырыс* сөзі мен *бай* терминінің бірігуімен Ырысбай деген кісі есімі жасалып, одан бұлақ атына ауысқан.

Сарт – Ұлытау ауданында Сарт деп аталатын бұлақ, жылғалар ағады. Бұл атау өзбектердің ежелгі отырықшы бөлігінің ескі атауы. В.В.Бартольдтың айтуына қарағанда бір кезде түркі халықтары үндінің «саудагер» сөзінің түбіріне «сарт», «сартак», «сартауыл» деген атаулар қолданған.

Тасты – Ұлытау өңіріндегі көне мекен орны (соның қалдықтары). *Қаз. тас* сөзіне –*ты* жұрнағын жалғау арқылы жасалған атау.

Татаркөл – Қарғанды облысының Ұлытау ауданындағы көл Татаркөл деп аталады. Татар – Татарстанда және тағы басқа мемлекеттерде тұратын халықтың, ұлттың аты екені белгілі.

Ғалымдар *татар* этнонимінің шығу тегі жайлы әр түрлі топшылаулар жасайды. Бір жорамалда *Татар* аты Жошының немересі – Буваладан туған Татар ханның есімімен байланыстырылса, екіншісінде татар сөзі *там* – (басқа, жат елден, жат рудан, «ерікті әскер» деген мағынада) және – *тар* деген көптік жалғауынан бірігіп (тар+тар-татар) жасалған атау деген пікір айтылады. Тағы бір жорамал бойынша бұл этноним *тата-р* («хитрый», «своенравный») деген сөзден қалыптасқан деп қаралады. Татар этнонимі Махмуд Кашқаридің сөздігінде де кездеседі. Алайда бұл этнонимнің мән-мағынасы, этимологиясы әлі толық ашыла қойған жоқ.

Ұлытау – Сарыарқаның оңтүстік батысындағы ұсақ шоқылы, аласа таулы жер. Орташа биік. 400-600 м., орта бөлігі 800-1000 м., ең биік тұсы 1134 м. Гранит жыныстарынан пайда болған тау. Етегіндегі жазықта қарағай және басқа ағаштар қалың өседі. Ұлытау – село, аудан орталығы. Елді мекен іргесі 1846 ж. станса ретінде қаланған.

Көне түркі жазба ескерткіштері сөздік қорында «ұлығ» тұлғалы сөздің «үлкен, ұлы, күшті биік, өте» іспеттес бірнеше мағыналары бар. Бұлардың қай-қайсысы болса да мына әңгіме болып отырған тау атауына сәйкес келмейді.

Ертедегі түркі тілдерінде бұл көрсетілген «ұлығ» сөзінен басқа «ұлық» дыбыстық құрамда айтылатын тұлға да бар. Оның беретін мағынасы; бірде – «шоқтық», кейде – «ескі, тозған». Осындағы «Ұлық»-тың бірінші мағынасы «*тау*» сөзімен тіркесіп, «Ұлық *тау*» болып, сол кездегі түсінігі «*шоқтық тау*» дегенді ұғындырып, бері келе, біріккен сөз кіріге келіп, «*ұлытау*» қалпында тұрақтауы нанбайтын нәрсе емес.

Ал монғолдарша – «*илүү*», қалмақ тілінде – «*үлү*» сияқты сөздер біздің тілімізде – «артық, жоғары» түсініктермен мәндес. Тегіс, жазық жер деңгейіне қарағанда, төбе, шоқылардың жоғары, артық болып көрінетінін ескерсек, «*илүү*» немесе «*үлү*» сөздері арқылы да «*Ұлытау*» атауы қалыптасуы шындыққа жуық.

Ең соңында, тунгус-маньчжур тобындағы тілдердің бірқатарында «*ала*» сөзінің қазақ тіліндегі – «аласа, төбе» мағыналары орнына жұмсалатындығын байқаймыз.

Қорыта айтсақ, «*Ұлытау*» атауы қазіргі түсінігіміздей «биік, үлкен тау» дегенді білдірмейді. Оның ертедегі тұлғасы «*ұлық тау*» немесе «*ала тау*» қалпында тіркесіп, тұңғыш мағынасы – «шоқтық тау», «аласа тау» сияқты ұғымға мегзеген. Келе-келе «*ұлық тау*» немесе «*ала тау*» дыбыстық өзгерістерге душар болуы нәтижесінде қазіргі кездегі – «**Ұлытау**» атауы пайда болған.

Шет ауданы

Абылқайыр – Қарағанды облысы, Шет ауданындағы өзен аты. Абылқайыр – кісі есімі. Атау арабтың екі сөзінен *Әбіл+хайр* құралып, «мырза, жомарт, қайырымды» дегенді, яки «жомарттықтың, қайырымдылықтың атасы» деген мағына береді.

Айса – Қарағанды облысы, Шет ауданындағы өзен. Атау қазақ тіліне арабтардан ауысқан. *Айса* < *Иса* атауының арғы шығу тегі (Иссус) көне еврей сөзімен байланысты.

Ақадыр – елді мекен аты. Этим.: бұл атаудағы ақ сөзінің түспен байланысы жоқ; ақ – өсімдіктің түрін көрсетеді. «Ақ отты адыр» мәніндегі атау.

Ақсеңгір – Қарағанды облысы, Шет ауданындағы село; тау – биік. 671,9 м. Атаудың бірінші құрамындағы «ақ» сөзі тау, төбе, жота басындағы бор, кварц, мәрмәр сияқты ұсақ тас жыныстарының алыстан жылтылдап, жарқ-жүрқ етіп жатқан түсін білдірсе, екінші құрамдағы «сеңгір» сөзі иран, түркі тілдерінде зеңгір // заңғар тұлғаларының варианты ретінде қолданылады да, «биік, қыр, жота» мәнін білдіреді. Тәжік тілдеріндегі *сингистон* – «жарысты тау, таулар» сөзіндегі *санг* – «тас» болса, азерб. *сенг* – «тас», «жартас», *сенгяр* – «күз, қия жартас». Демек, Ақсеңгір «ағарып көрінген биік төбе, тау» деген мағынаны білдіреді.

Ақсу-Аюлы – елді мекен аты. Шет ауданының орталығы. Қос тұлғалы атау: Ақсу және Аюлы тауларының қосарланған түрі.

Ақшатау – поселке аты. Ақшатау – қаз. этникалық тобына тән атау.

Ақши – қыстау. «Ақотты, шилі» жер мәніндегі атау.

Байшегір – өзен. Бұл этногидроним, яғни ру атынан қойылған өзен.

Дария – Қарағанды облысы, Шет ауданындағы өзен, елді мекен аты. Атау иран тілінде «өзен» дегенді білдіреді. Бұл географиялық атау әдетте қазақ тілінде «үлкен, сулы өзен» деген ұғым береді.

Дария – Загон – Қарағанды облысы, Шет ауданындағы өзен. Контаминант – атау иран және орыс тілдеріндегі белгілі сөздердің бірігуінен жасалған.

Елшібек – Шет ауданында Елшібек деп аталатын бастау [бар. Елшібек әрі ру аты (этноним), әрі қазақтың белгілі батырларының бірі (антропоним).

Елшібек батырдың туған, өлген жылдары белгісіз. Ол XVIII ғасырда өмір сүрген қазақ батыры. Ұлы Жүздің Шыршық, Келес алқаптарын жайлаған Сіргелі тайпасынан шыққан, қалмақтар мен жоңғарларға қарсы күресте көзге түсіп, даңқа бөленген батыр.

Жаманқара – елді мекен, Шет ауд., Қарағанды обл. Антропоним болуы да ықтимал. «Жаман» сөзі топонимдер құрамында келгенде, «нашар, кішігірім» мағынасын білдірсе, топоним құрамында «қара» – «биік төбе», «биік шоқы», «қырат» мәніндегі сөз. Демек, «Жаманқара» «кішігірім төбешікті, жон-жоталы, адырлы келген жердегі елді мекен» деген мағынада қойылса керек.

Жарық – жұмысшы кент, станса. Жарық тұлғасы түп негізінде этникалық топ аттары, көне және қазіргі кейбір түркі топтарында *чарық* немесе *чарых* түрлерінде келеді (тыва, хакас). Ал дж-шыл форма қазіргі Орталық Қазақстан тұстас: «Джаруки» – назв. племени тюрков, расположенные между югом и севером.

Жуантөбе – тау. *Оғуз. йуван және төпе* сөздерінен қалыптасқан атау. Жуантөбе атауының шыққан төркіні «жуылған» (су орған, су қаптаған) етістігіне «төбе» (зат) атау тұлғасын қосу негізінде қалыптасқан топоним.

Көктінкөл – көл. Шет ауданының оңтүстік-батысында ораласқан. Ел аузындағы аңыз бойынша «жайдың оғынан» (метеориттен) пайда болған көл. Ондай аңыздардың тууына көлдің өзінің өзгеден ерекше дөңгелектігі және түбінің тереңдігі түрткі болғандай.

Қарасай – Қарағанды облысында «Қарасай» аталатын екі өзен бар. Біреуі Шет ауданының жерінде, басын Ақкемер тауынан алып, Мұқыр өзеніне барып құяды. Ұзындығы – 79 км. Екіншісі – Жаңаарқа ауданының жерінен ағатын өзен. Ол Сарысу алабындағы Желдітау сілемдеріндегі бұлақтардан басталып, Көктас өзеніне құяды. Ұзындығы – 73 км.

«Қарасай» – қазақтың тайпалық бірлестігіндегі белгілі ру аты. Бұл сөз Қазақстан жеріндегі біраз өзендерге қойылған. Бұл өзен атаулары *қара* және *сай* сөздерінен жасалған, қара сай, қара жыра («черный овраг») деген мағына береді.

Ұлы Жүз Шапырашты тайпасының Есқожа руынан шыққан Қарасай батыр Алтынайұлы – тарихта белгілі тұлға. Ол Жетісуда Жоңғар шапқыншылығына қарсы азаматтық соғыста қол бастаған батыр. 1664-1727 жылдары өмір сүрген. Өзенге халық өзінің ардақтаған батырының атын беруі де ықтимал.

Мәдине – Қарағанды облысы, Шет ауданындағы өзен аты. Араб тілінде ол «қала» деген ұғымды білдіреді. Сауд Аравиясында ислам дінінің орталығы болған Мәдине атты қала бар. Сөйтіп, жоғарыдағы өзен аты «қала» деген сөзден қойылған.

Тарақтас – тау, биік. 629,1 м. Шет ауд., Қарағанды обл. Атаудың бірінші сыңарындағы «тарақ» – көптеген түркі тілдерінде таулы, тасты объектілерге қатысты топонимдер құрамында қолданылатын географиялық термин. «Тарақтас» атауының берер мағынасы: «таудың биік қыраттарының тарақ тісі сияқты немесе өркеш-өркеш, тіс-тіс болып келуін сипаттай қойылған», – деген Қ.Рысбергенованың пікірі орынды деп санаймыз.

Шет – Қарағанды облысындағы жер, аудан орталығы аты. Алтай тілінде *чет* – молодой хвойный лес (особенно лиственный). Тува тілінде *шет* – молодая лиственница. Біздіңше атау осы ағаш атынан қойылған болуы керек, өйткені бұл өлкеде мұндай ағаш сирек кездесетін болғандықтан, соның барлығын білдіру үшін аталған деуге болады. Ұйғыр тіліндегі *четин* (рябина) сөзі де осы сөзбен түбірлес болуы ықтимал. Ә.Қайдаров зерттеуі бойынша шетен сөзінің түбірі – *шет*.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы: ҚР Президентінің Жарлығы // Егемен Қазақстан.- 1997.- 24 мамыр

Адам тегі М., Семқұл тегі Б. Атаулар астарындағы аңыздар. // Балқантау.-1994.- 3 қыркүйек

Ақынов Ә. Қарқара: Жаңғырық // Орт. Қазақстан.- 1992.- 8 сәуір

Артықбаев Ж. Жеріңді танығаның – елінді танығаның: Ульянов ауданының мысалында Орталық Қазақстан топонимиясына шолу // Орт. Қазақстан.- 1991.- 14 желт.

Әбдірахманов А. Қазақстанның жер-су аттары.- Алматы: Қаз.ССР ҒА баспасы, 1959.- 221 б.

Әбдіуақасұлы Қ. Таудың аты әулие еді // Балқаш өңірі.- 2001.- 27 наурыз

Әбішұлы З. Кобетей мен Шақаман жайында: Жер-су аттарын калпына келтіру // Жаңа жол.- 1991.- 22 қаңтар

Әрінұлы Ә. Шерубай хақында: /Ауданына батыр есімі берілсін/ // Орт. Қазақстан.- 1991.- 24 қыркүйек

Бексейітов С., Жанғожин А. Ел мен жер – егіз немесе топонимдер туралы толғаныс // Орт. Қазақстан.- 1990.- 16 қыркүйек

Бектұров Ж. Пәруа – бірлік, тәубе – тірлік: /Нұра ауд. әкімшілікке жер аттары және ұмытылған есімдері жайында ашық хат/ // Орт. Қазақстан.- 1992.- 5 қараша

Доскеев К. Жер атауларын дұрыс қояйық // Орт. Қазақстан. - 1991. - 26 қазан

Жанғожин А. Амаңына сай – атауы: Қал. Және обл. ономастикалық комиссиялардың отырысынан // Орт. Қазақстан. - 1999. - 21 сәуір

Жартыбаев А. Қарағанды өңіріндегі кейбір көне атаулар сыры // Қаз. ССР ҒА хабарлары. Тіл мен әдебиет сериясы. - 1990.- №4. - 16-21 б.

Жартыбаев А. Қарағанды өңірі топонимдерінің мағыналық және құрылымдық сипаттары.– Қарағанды: Болашақ – Баспа, 1998.– 165 б.

Жиенбаев Қ. Жер атаулары иесіне қайтарылсын: Ұлытау әкімінің назарына // Орт. Қазақстан.– 2000.- 16 ақпан

Жүнісов Д. Өзен – көл атаулары.– Алматы: Қазақстан, 1991.– 128 б.

Иванов А. Почему «Осакаровка»? : К – 90 летию поселка Осакаровка // Сельский труженик.- 2000.- 18 нояб.

Исағұлов З. Қарақаралы деп неге аталған? Пікір // Орт. Қазақстан.- 1991.- 15 мамыр

Керімбаев Е. Атаулар сыры.- Алматы: Қазақстан, 1984.- 119 б.

Қазақ ССР: Қысқаша энциклопедия: 4 томдық. Т.2 – Алматы: Қаз. сов. энцикл., 1987.– 648 б.

Қазақтар. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық.– Алматы: Қазақстан даму институты: VIII том. Атажұрт, 1998.-480 б.

Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия.– Алматы: Қаз. сов. энцикл., 1990.- 632 б.

ҚиқымовТ. Керней атауы туралы // Орт. Қазақстан.- 1992.- 1 ақпан

Қожанов М. «Ұлытау, Кішітау мен жер аман бол» немесе Сарыарқа төсіндегі кейбір жер аттары туралы // Сарыарқа.- 1996.- №4.- 88-91 б.

Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі.– Алматы: Мектеп, 1985.- 256 б.

Ләмбеков С. Көл аты көрікті болса..: /Шайтанкөл туралы/ // Коммунизм таңы.- 1979.- 23 қаңтар

Ләмбеков С. Тәттімбет: Хикаят.- Алматы: Өнер, 1993.- 138-139 б.

- Мұхамедин М. «Аруақ риза болмай...»: Туған жер - тұғырың // Орт. Қазақстан.- 1991.- 14 қараша
- Мұхамедин М. Туған жердің атауын таңдамайды // Орт. Қазақстан.- 1991.- 21 мамыр
- Мұхамедиярұлы М. Ата – мекеніміздегі жер-су аттары // Рассвет.- 1995.- 2 дек.
- Мұхамедиярұлы М. Жер атаулары қайтарылуы керек // Орт. Қазақстан.- 1995.- 19 желт.
- Нәресhev Р. Сарыарқа сайран жерім-ай // Орт. Қазақстан.- 1991.- 1 қараша
- Несіпбаев А. Бұрынғы Құланөтеспес, қазіргі Донской: /Қар. обл.-ның жер-су аттары хақында/ // Орт. Қазақстан.- 1990.- 10 наурыз, Лениншіл жас.- 1991.- 18 шілде
- Несіпбай А. Киевка, Киевский, Черниговка, Донской.: /Қар. обл.-ның Нұра ауданындағы елді мекендер атаулары әлі осындай/ // Егемен Қазақстан.- 1999.- 25 наурыз
- Нұғыманұлы Т. Сарыарқаның Сарыбелі: /Осакаров ауданының атын өзгертіп бұрынғы атауы Сарыбелді берейік/ // Орт. Қазақстан.- 1999.- 6 қаңтар
- Нұрмағамбетұлы Ә. Жер-судың аты – тарихтың хаты.- Алматы: «Балауса», 1994.- 64 б.
- Нұрмақұлы Ж. Жер-судың аты – тарихтың хаты // Нұра.- 2001.-3 наурыз
- Омарбеков М. Жер атаулары – елдің тарихы емес пе? // Қарқаралы.- 1991.- 9 қазан
- Омаров Т. т.б. Қазақстан көлдері /Т.Омаров, П.Филоненц, Ю.Филоненц.- Алматы: Қазақстан, 1987.- 144 б.
- Орайханұлы С. Шерубай – ердің заты, жердің де аты // Орт. Қазақстан.- 1985.- 14 желт.
- Орталық Қазақстанның жер-су аттары.– Алматы: Ғылым, 1989.– 256 б.
- Попов Ю. Жабайы қабандар // Коммунизм таңы.- 1979.- 23 маусым
- Попов Ю. Кент – аңыз аймағы // Орт. Қазақстан.- 1994.- 19 қараша
- Попов Ю. Комсомол шыңының бес атауы // Коммунизм таңы.- 1989.- 19 қаңтар
- Попов Ю. Көл неге «Пашенное» деп аталады // Коммунизм таңы.- 1988.- 17 сент.
- Попов Ю. Қарқаралы; Тарихи-географиялық очерк.- Алматы: Қайнар, 1983.- 184 б.
- Попов Ю. «Шайтанкөл» // Коммунизм таңы.- 1974.- 7 нояб.
- Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. Оқу құралы.- Алматы; Санат, 1997.- 464 б.
- Сейдімбеков А. Күнгір–күнгір күмбездер: Сұлулық туралы сырлар.- Алматы: Жалын, 1981.- 240 б.
- Торғаев Б. Жер атауы – ел атауы // Орт. Қазақстан.- 1993.- 16 қараша
- Төкешев Н. Дүниеде Қарағанда жоқ, Қарағанды бар: /Қаланың атауы жайында/ // Орт. Қазақстан.- 1993.- 9 қыркүйек
- Шыныбектегі Қ. Аңызда бар ақиқат немесе «Ботақара», «Шешенқара» хикаялары: Ботақараның 100 жылдығына орай // Сарыарқа.-2001.- 16 маус.
- Шыныбектегі Қ. Жер-су аттары қашан өзгерер екен // Сарыарқа.- 1993.- 27 наурыз
- Шыныбектегі Қ. Қайран да менің өз елім // Сарыарқа.- 1993.- 25 желт.

Мазмұны:

Оқырманға	3
Өлкенің жер-су аттары	4
Қарағанды және облысқа бағынысты қалалар	6
Абай ауданы	11
Ақтоғай ауданы	12
Бұқар жырау ауданы	14
Жаңаарқа ауданы	21
Қарқаралы ауданы	24
Нұра ауданы	32
Осакаров ауданы	40
Ұлытау ауданы	43
Шет ауданы	48
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	50

Басып шығаруға жауапты: Н.В.Гоголь атындағы
ОҒӨК директоры Ж. К. Шаймұханбетова

Құрастырушы: Г.Н.Умбединова,
өлкетану бөлімінің кітапханашысы.

Өлке жер-су аттары: Библиогр. әдебиеттер көрсеткіші. / Қарағанды обл. ғылыми-әмбебап кітапханасы.; Құраст.: Г.Н.Умбединова.- Қарағанды: б.ж., 2001.- 53 б.: сурет. - (Облыстық кітапхана - өлкетану орталығы).

Таралымы 50 дана

©Қарағанды облыстық Гоголь атындағы ғылыми-әмбебап кітапханасы, 2001 ж.

©Умбединова Гауһар Нұрланқызы, 2001 ж.